PUBLISHINGS
of Kostanay State Pedagogical Institute

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының
ЖАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
Костанайского государственного педагогического института

2019 ж. сәуір, №2 (54)
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: ***Қостанай мемлекеттік педагогикалық институт***

Бас редактор: ***Әбіл Е.А.,*** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ, Қазақстан
Бас редактордың орынбасары: ***Ташетов А.А.,*** *(PhD)* докторы, ҚМПИ, Қазақстан

РЕЦЕНЗЕНТТЕР
Бережнова Е.В., педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ СІМ, Мәскеу қ., Ресей
Жаксылыкова К.Б., педагогика ғылымдарының докторы, Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, Қазақстан

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
Амирова Б.А., психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан
Благоразумная О.Н., экономика ғылымдарының кандидаты, Молдова Халықаралық Тәуелсіз Университетінің доценті, Молдова
Доман Э., лингвистикалық ғылымдар докторы, Макао университеті, Сидней, Австралия
Елагина В.С., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ООМГПУ, Ресей
Жилбаев Ж.О., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы президенті, Қазақстан
Кайе Ж., философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция
Катцнер Т., Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, PhD докторы, АҚШ, Батыс Вирджиния
Кульгильдинова Т.А., педагогика ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ-нің профессоры, Қазақстан
Марилена Сантана дос Сантос Гарсия, лингвистикалық ғылымдар докторы, Сан-Паулу Папа католик университеті, Бразилия
Монова-Желева М., PhD докторы, Бургас еркін университетінің профессоры, Болгария
Чаба Толгизи, Венгрияның Сегед Университеті экология кафедрасының ғылыми қызметкері, Венгрия

Тіркеу туралы куәлік №8786-Ж
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен
19.11.2007 берілген.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:
110000, Қостанай қ., Тәуелсіздік к., 118
(ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы)
Тел. (7142) 54-85-56 (135)

© Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

№2 (54), апрель 2019 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: ***Костанайский государственный педагогический институт***

Главный редактор: ***Абиль Е.А.,*** доктор исторических наук, профессор, КГПИ, Казахстан
Заместитель главного редактора: ***Ташетов А.А.,*** доктор (PhD), КГПИ, Казахстан

РЕЦЕНЗЕНТЫ

Бережнова Е.В., доктор педагогических наук, профессор МГИМО МИД, г. Москва, Россия
Жаксылыкова К.Б., доктор педагогических наук, профессор Казахского национального исследовательского университета им. К. Сатпаева, Казахстан

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Амирова Б.А., доктор психологических наук, КарГУ им. Е.А. Букетова, Казахстан
Благоразумная О.Н., кандидат экономических наук, доцент Международного Независимого Университета Молдовы
Доман Э., доктор лингвистических наук, университет Макао, Сидней, Австралия
Елагина В.С., доктор педагогических наук, профессор, ЮУГГПУ, Россия
Жилбаев Ж.О., кандидат педагогических наук, доцент, президент Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, Казахстан
Кайе Ж., доктор философских наук, профессор, Университет Виа Домисия, г. Перпиньян, Франция
Катцнер Т., доктор PhD, профессор Университета Западной Вирджинии, США
Кульгильдинова Т.А., доктор педагогических наук, профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Казахстан
Марилена Сантана дос Сантос Гарсия, доктор лингвистических наук, Папский католический университет Сан-Паулу, Бразилия
Монова-Желева М., доктор PhD, профессор Бургасского свободного университета, Болгария
Чаба Толгизи, научный сотрудник кафедры экологии, Университет Сегеда, Венгрия

Свидетельство о регистрации № 8786-Ж
выдано Министерством культуры и информации Республики Казахстан
19 ноября 2007 года.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:
110000, г. Костанай, ул. Тәуелсіздік, 118
(управление науки и международных связей)
Тел. (7142) 54-85-56 (135)

© Костанайский государственный педагогический институт

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Сіздердің назарларыңызға педагогика ғылымдары бойынша зерттеулерді қамтыған «ҚМПИ Жаршысы» ғылыми-әдістемелік журналымыздың 2019 жылғы екінші басылымын ұсынып отырмыз.

Журналымыздың бұл басылымы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің 80 жылдығы мен университетімізге физика-математика ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Сұлтанғазин Өмірзақ Махмұтұлының есімі берілуімен байланысты тарихи оқиғаларға арналып отыр.

Осыған орай, осы санның алғашқы бөлімі *«Тарих толқынында»* деген атауға ие болды. Айта кететін жайт, дәл осы атаудың таңдалуына Тұңғыш Президентіміздің «Тарих толқынында» кітабы арқау болып отыр. Бұл бөлімде Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин, Ыбырай Алтынсарин мен Серәлі Қожамқұлов сияқты қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған ұлы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы, қызметі жайында мақалалар жарияланды.

«Теориялық және сараптамалық-шолу зерттеулер» айдарында жоғары оқу орнындағы дене шынықтыру сабақтарында жаңа инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі, әлемнің ницшеандық суретіндегі астам адам мәселесі мен жаңа форматтағы сынып жетекші тұлғасын қалыптастыруда педагогикалық пәндердің ықпалы туралы мәселелер қарастырылды.

«Эмпирикалық зерттеулер» бөлімі Қостанай облысы Қостанай ауданының тың және өңделетін жерлерінде топырақ омыртқасыздарының (мезофауна) орнығуын салыстырмалы талдау және NetEmul эмуляторының кеңейтілген мүмкіндіктерін қолдану арқылы мектептің оқу процесіне компьютерлік желілерді енгізу өзектілігі туралы мақалаларды қамтиды.

«Пәндерді оқыту әдістемесі мен технологиясы» айдарында шетел тілдерін оқыту, орыс тілі және әдебиет, математика пәндерін оқытуда қолданылатын технологияларды талдау туралы зерттеу жұмыстарымен қатар жобалық технология аясында студенттердің зерттеу қызметін жүзеге асыру туралы мақалалар жарық көрді.

«Жас ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне» айдарында мектеп басшыларының мұғалімнің эмоционалды күйіп кетуін алдын алу шарттары, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды тьюторлық қолдау жөнінде ақпараттармен таныса аласыздар.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру» бөлімінде бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу мен жалпықазақстандық мәдениетті қалыптастыру туралы айтылған.

Журналымыздың бұл бөлімінде отандық авторларымыздың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі зерттеу материалдары және Ресей Федерациясымен ТМД мемлекеттері ғалымдарының мақалалары жарияланды.

Біз, болашақта журналымыздың жариялану аясы кеңейіп, ғылыми қорымызды жаңартып толықтыруға мүмкіндік береді деген үміттеміз, журналымыздың жарияланымдары ғылыми қызығушылық тудыратынына сенімдіміз. Сіздердің тараптарыңыздан ұсыныстар мен жасампаз пікірлер күтеміз.

Әбіл Е.А.,
«ҚМПИ Жаршысының» бас редакторы,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Перед Вами второй номер за 2019 год научно-методического журнала «ҚМПИ Жаршысы», посвященный исследованиям педагогической науки.

Данный номер нашего журнала посвящен историческим событиям, которые связанны с 80-летием Костанайского государственного педагогического университета и присвоению нашему вузу имени доктора физико-математических наук, академика НАН РК Султангазина Умирзака Махмутовича.

В связи с этим, первый раздел этого номера был назван как «В потоке истории». Следует отметить, что данное название было выбрано на основе книги Первого Президента РК «В потоке истории». В данном разделе были опубликованы статьи о жизни, творчестве и деятельности великих людей, оставивших неизгладимый след в истории казахского народа. Среди таких личностей, авторы статей отметили Умирзака Махмутовича Султангазина, Ибрая Алтынсарина, Серали Кожамкулова.

В разделе *«Теоретические и обзорно-аналитические исследования»* были рассмотрены проблемы оценки применения новых технологий на занятиях физической культуры, проблема сверхчеловеческого в ницшеанской картине мира, влияние педагогических предметов в формировании личности классного руководителя в новом формате.

Раздел *«Эмпирические исследования»* состоит из статей о сравнительном анализе населения почвенных беспозвоночных (мезофауна) на целинных и обрабатываемых землях Костанайского района Костанайской области и актуальности внедрения компьютерных сетей в школьный учебный процесс с использованием эмулятора NetEmul.

В статьях ученых, чьи работы опубликованы в разделе *«Методика и технология преподавания дисциплин»* представлены технологии, используемые в преподавании иностранных языков, русского языка и литературы, математики, а также рассмотрены вопросы реализации исследовательской деятельности студентов в рамках проектной технологии.

Статьи раздела *«Научные работы молодых исследователей»* поднимают вопросы об условиях профилактики эмоционального выгорания учителя руководителями школ, о тьюторском сопровождении учащихся с особыми образовательными потребностями.

В разделе *«Реализация программы «Рухани жаңғыру»* говорится о воспитании конкурентоспособной личности в рамках программы «Рухани жаңғыру» и формировании всеказахстанской культуры.

В номере имеются материалы отечественных авторов на казахском, русском и английском языках, статьи ученых Россиии, стран СНГ.

Мы надеемся, что в скором будущем расширится география публикаций журнала, способствуя пополнению и обновлению научной базы, а также появится огромнейший научный интерес со стороны читателя. Ждем от вас предложений и новых креативных идей.

Әбіл Е.А.,
главный редактор «ҚМПИ Жаршысы»,
доктор исторических наук, профессор

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА
В ПОТОКЕ ИСТОРИИ

Омирзак, А., Келинбердиева, Ы.С., Шалгимбеков, А.Б.
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты» КММ, Қазақстан

Ө.М. СҰЛТАНҒАЗИН – ҚАЙТАЛАНБАС ТҰЛҒА

Түйін

Мақалада Ө.М. Сұлтанғазиннің Қазақстанның ғылым саласындағы алатын орны, Қазақ ғарыш зерттеу саласындағы еңбектері, ұлы ғұламаның өмірбаяны мен ұрпақтары туралы зерттелген мәлімет берілді.

Кілт сөздер: *Ө.М. Сұлтанғазин, ғалым, ғарыш, ірі тұлға, қоғам қайраткері.*

Елімізде ғылымның өркендеуіне үлес қосқан, тіпті кейбір салаларының негізін қалаған ғалымдар аз емес. Алайда олардың барлығы ғылымдағы жаңалығымен дүниежүзіне машhүр болған деп айта алмасақ керек. «Дүниедегінің бәрі өткінші, бәрі де тозады, тек білім мен ғылым бәрінен де озады» немістің атақты ойшылы Себастьян Брандтың айтқаны қазақтың біртуар азаматы физика-математика ғылымдарының докторы, профессоры, Қазақстан ұлттық ғылым акедемисының академигі Өмірзақ Сұлтанғазин Махмұтұлының да өмірлік ұстанымы болды.

Қазіргі таңда осы бір қанатты сөзге басқа емес дәл Өмірзақ Махмұтұлының өз өмірі де дәлел болғандай. Ғалымның фәниге ауысқанына 13 жылдай уақыт өтсе де, өшпес ізі, жазған ғылыми еңбектері, ашқан жаңалықтары халқымыздың күнделікті өмірімен жасарып келеді және ғалымның аты да, хаты да өлген жоқ. Айтулы ғалым туыстарының арасында, ғылымда және қоғамда мәңгі ұмытылмас ерекшелігімен насихаттала береді.

Рухани қазынамызды бойымызға жинап, оны жас ұрпақтарға жеткізуде мүндай игі істердің орны ерекше. Өмірзақ Сұлтанғазин – Қаныш Сәтбаев сияқты ерекше құбылыс. Ол қазақ ғылымын әлемдік деңгейде танытқан ғалым. Шетелдік ғалымдар оны әлем саңлағы деп мойындаған. Әлемдік деңгейде математика саласында дәріс оқыған. Жапонияда оны үлкен ғылыми істер бастамасы деп атаса, Франция елі мәңгі ізденістер дегенге теңеген. Бүгінде біз ғарыштық жетістіктер арқылы ауа райын болжау сияқты мүмкіндіктерге жетіп отырмыз. Ал оның бәрін дамытып, бүгінге жеткізген әрине, қолданбалы математика ғылымының негізін салған, Ғарыш институтын ашқан – Сұлтанғазин Өмірзақ Махмұтұлы [1].

Сұлтанғазин Өмірзақ Махмұтұлы 1936 жылы 4 қазанда Қостанай облысы, Урицкий ауданының Қараоба ауылында дүниеге келген, аты әлемге әйгілі ғалым, академик, ұлы тұлғалардың бірі, біздің жерлесіміз. «Көп наданның ішінде бір ғалым отырса, көп соқырдың арасында бір жарық шам жанып тұрғандай болады» демекші, жерлесіміз жай ғана ауыл мектебінде білім алса да, осы ауылдағы тай-құлындай тебісіп бірге өскен жігіт-қыздарымен бірге сонау әсем қала Алматыдан бірақ шығып, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне түседі. Ол университет қабырғасында «Массасы айнымалы нүктенің механикасымен» шұғылданды. ҚазССР ҒА-ның академигі Қ.П. Персидский мен профессор В.А. Сапаның жетекшілік етіумен «Массасы айнымалы нүктенің салыстырмалы қозғалысындағы екі есеп» тақырыбымен диплом жұмысын орындап, оны математика мен механика жөніндегі республикалық II конференцияда баяндап, баспадан шығарды. Ол жараталыстану мен техниканың барлық салаларына терең таралған және теориялық физиканың жетістіктерінің негізінде қарыштап дамып, бұл замандағы ғылымның

алдыңғы қатарында тұрған – сәуленің тасымалдану теориясын зерттеуді жалғастырды [2]. Жалпы алғанда, сәуленің тасымалдану теңдеуі кинетикалық теңдеулер қатарына жататын математикалық физикадағы оқшау класс құрайтын көп өлшемді интеграл- дифференциалдық теңдеулердің бірі. Бұлардың шешуін табу үшін әртүрлі әдістер қолданыла бастаған кез болатын. Ядролық реакторларды физикалық жобалаудың негізі болып табылатын нейтрондардың тасымалдану есебіне ұтымды әдістер табуға атом энергетикасының қарқындап дамуы ынталандырды. Сфералық гармоника әдісі кинетикалық теңдеулердің шешуін табуға арналған ұтымды әдістердің бірі. Бұл әдіс нейтрондық физика мен атмосфералық оптика есептерін шешуге кең қолданылатын болғандықтан, сфералық гармоника әдісінен туындайтын дифференциалдық теңдеулердің шешуінің сапалық қасиеттері мен жинақталатындығын зерттеу қажет болды. Сфералық гармоника әдісін жете зерттеуге аттары әлемге әйгілі ғалымдар С. Чандерасекар, Р. Маршак, Дж. Марк, Г. Бете, Л. Гонкс, Г. Гурвитц, Б. Девион, В.С. Владимиров, Г.И. Марчук, Ө.М. Сұлтанғазин, В.В. Смелов т.б. қатынасты [1]. Бұл әдісті кинетикалық толық теңдеуге негіздеу нәтижелері Ө.М. Сұлтанғазинның еңбектерінде берілген. Бұнда кезкелген жуықтаудағы сфералық гармоника әдісінің теңдеулер жүйесі үшін энергетикалық бағалау арқылы бастапқы және шеткі есептердің жалғы жалпылама шешуінің бар екендігі дәлелденген. Одан әрі сфералық гармоника әдісінің теңдеулер жүйесі үшін бастапқы және шеткі есептердің шешуінің оған сәйкес келетін бейстационарлық сәуленің тасымалдану теңдеуінің шешуіне жинақталатындығы дәлелденген. Сұлтанғазин Ө.М. «Сәуленің тасымалдану теориясына қосқан бағалы үлесінің бірі – сфералық гармоника әдісінің теңдеулер жүйесі үшін ыдырату әдісін қолданып және оны негіздеуі». Ө.М. Сұлтанғазинның ғылыми және педагогтік қызметі жалғыз Қазақстанда емес, шет елдерде де кең таралып танылды.

Халықаралық ынтымақтасу жоспары бойынша Ө.М. Сұлтанғазин дифференциалдық теңдеулерді ғылыми-зерттеу жұмысына қатысып, 1978 ж. (қараша), 1979 ж.(ақпан) АҚШ-тың Стенфорд пен Мериленд университеттерінде болды. Бұнымен қоса, «Сфералық гармоника әдісінен туындайтын Фридхис бойынша симметриялы гиперболдық жүйелер» тақырыбында лекциялар оқыды [2].

Академик Ж. Лионстің шақыруымен Францияға барып, ғылыми жұмысты Париждің автоматика мен кибернетика институтында жасап, де Франц колледжінде сызықты емес Больцман теңдеуін математикалық проблемаларын лекциялар оқумен ұштастырды.

Ол Варшавада Банах атындағы Халықаралық математикалық мектепте лекция оқып, Прага, Донецк қалаларында өткен «Математикалық физика есептеріне функционалдық әдістерді және функция теориясының әдістерін қолдану» Халықаралық симпозиумдерінде, Аахен (ФРГ) мен Нагояда (Жапония) өткен Газ динамикасы жөніндегі, Фигуера де-Фожда (Португалия) өткен сұйық динамикасы жөніндегі, Халықаралық конференцияларда, Киото (Жапония) мен Цюрихта (Швецария) болған Математика конгрестерінде, Дублинде (Ирландия) өткен есептеу және қолданбалы математикадан XIII Халықаралық конгресте, Варнада (Болгария) болған IV Ұлттық механика конгресінде, Алматыда өткен симпозиумд, Тегеранда (Иран) Қолданбалы анализ конфернциясында т.б. баяндамалар жасады. Ө.М. Сұлтанғазин әртүрлі халықаралық форумдарда бірнеше рет баяндама жасады. Ұзақ уақыт Карлов университетінде, Париж университетінде, Банаха атындағы Халықаралық математика мектебінде, АКШ-тың Стэнфорд және Мэриленд университеттерінде, Жапонияның Киото университетінде лекция оқыды, мұның өзі ғылымның осы бағытындағы елеулі үлесін әлемдік ғылыми жұртшылықтың мойындағанын көрсетеді [3].

Өңіріміздің мақтан тұтар ұлдарының бірі, атақты ғалым, кезінді елімізде ғана емес, бүкіл Одақта саусақпен санарлықтай математиктердің бірі – Сұлтанғазин Өмірзақ. Қоғамның алтын діңгегі білім мен ғылым десек, осы екі салаға бүкіл саналы ғұмырын арнаған, төрткүл дүние математиктері ғұлама деп бағалаған, қозғалмалы сәулелену теориясы саласы бойынша Қазақ еліндегі ғылыми мектептің негізін салған, ядролық реакторларды есептеу практикасында, атмосфералық оптиканың, қашықтықтан зондтауды алғаш рет ел көлемінде қолданысқа енгізген, ғарыштық мониторинг, ғарыштық материалтану және ғарыштық-зымыран

кешендерін пайдалану саласында жаңа ғылыми бағыттардың жобасын жасаған академик Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин еді. Қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан Өмірзақ Махмұтұлының есімі физика-математика саласындағы сирек әрі маңызды зерттеулермен тығыз байланысты. Әсіресе, Қазақстанның ғарыш саласына қатысты ілгерінді зерттеулері еліміз ғана емес, посткеңестік елдер мен алыс-жақын шетелдерде жоғары бағаланғаны белгілі. Өмірзақ Махмұтұлының ғылыми жетекшілігімен 6 докторлық және 25 кандидаттық диссертация қорғалып, екі жүзден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалары, монографиялары мен оқулықтары бүгінде еліміздің жоғары оқу орындары студенттері үшін құнды еңбектер болып табылады [3]. Парасат, Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен, 2 мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтан кейінгі Ұлттық академияны басқарғандардың ішіндегі талантымен танылған, ұйымдастырушылық қабілетімен көрінген мықты адам осы -Өмірзақ Махмұтұлы еді. Ө.М. Сұлтанғазин ғылымды демократиялық жолмен басқару мәселелеріне күрделі үлес қосып, Ғылым академиясының Жарғысына нақтылы түзетулер енгізіп, онда:

- Ғылым академиның толық мүшелерін, корреспондент мүшелерін және ғылыми қызметкерлерін біріктіреді;
- Жалпы жиналыс жұмысына ғылыми мекемелердің сайланған өкілдері шешуші дауыс құқығымен қатынасады;
- Корреспондент мүшелерінің құқығы кеңейтіліп, оларға шешуші дауыспен, Жалпы жиналыстың академияға толық мүше сайлауынан басқа, барлық мәселелерді талқылауға мүмкіндік берілді;
- Академия жұмысының қызметін қайта құрудың негізгі бағыттары бойынша Төреалқада комиссиялар құрылды;
- Төреалқаның , бөлімнің және институттардың арақатынасын қозғайтын академия ішіндегі ескі сатыланған байланыстар қайта қаралды;
- Төреалқа аппаратын аттестацилау жүргізіліп, оның құрылымы анықталды.

Сұлтанғазин Ө.М.ның айрықша қамқорға алған нәрсесі сапалы кәсіпқой даярлығы бар дарынды жастарды ғылым айналасына кең тартуды қамтитын «Кадр» бағдарламасы. Осы мақсатпен академия басшылары жас ғалымдармен, ғылым докторларымен, лаборатория меңгерушілерімен, кәсіподақ белсенділері және бөлімдердің ғалымдарымен бірнеше дүркін кездесулер өткізді.

Байсалды, парасатты, айтқан сөзінде тұратын, таза, кескін-келбеті, жүріс-тұрысы бөлек, жалпақтау мен жалтақтаудан ада азамат еді.Ол өте ізденімпаз, оқуды жалықпайтын үздік болды. Жастайынан зерек, оқуға ынталы өскен ол 50 жасында ағылшын тілін меңгеріп, шетелде отандық ғылымның деңгейін көтерді. Оқытушылық, ұстаздық жолында да үлгі алар-лық ісі көп. Ешқашан қағазға қарап дәріс оқуды білмейтін ол еш қиындықтан қорықпады, төзімді болды. Міне, нәтижесі жеміс беріп отыр. Сұлтанғазин Ө.М-ның физика-математикаға сүйіспеншілігі, тапқырлығы және білімге деген құштарлығы акедемикті зерттеуге мені итермеледі. Оны зерттеу барысында Өмірзақ атамыздың алғаш оқыған мектебіне, яғни Сарыкөл ауданы, Қараоба ауылына сапар шеккен болатынмын. Онымен қоса Сарыкөл ауданында Сұлтанғазин атында мектеп бар, ол білім ошағы да назарға алынды.

Қазіргі таңда өз өңірінде орналасқан Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетіне және «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ Ғарыштық зерттеулер институтына оның негізін салған адам, академик, Қазақстан Республикасының ғарыш саласын дамыту мен нығайтуға зор үлес қосқан ғалым Өмірзақ Сұлтанғазиннің есімі берілді.

Сұлтанғазин Ө.М. – ірі тұлға, жан-жақты ғалым, дарынды педагог, ғылымды ұйымдастырушы және қоғам қайраткері. Математиктің ғылымға сіңірген өшпес мұрасын дәріптеп, айтып, жалғастырып отыру – біздің міндетіміз. Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин аты әлемге әйгілі тұлғалардың бірі. Ол ғылым мұхитындағы бағдар көрсетуші, бағытты айқындаушы шынайы шамшырақ.

Әдебиеттер тізімі

1 Жақсанов, О. Қайталанбас тұлғалар: эсселер, портреттер. – Қостанай: Шапақ, 2009. – 316 б.

2 Ө.М. Сұлтанғазин: Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар / [жауапты ред. С.Н. Харин; құраст. А. Сақабеков және т. б.] – Алматы: Ғылым, 1996. – 118 б.

3 Ө.М. Сұлтанғазин атындағы ғарыштық зерттеулер институты туралы фильмнің көрсетілімі [Электрондық ресурс]. Қолдану режимі: https://kazcosmos.gov.kz/kk/news/om-sultangazin-atyndagy-garyshtyk-zertteuler-instituty-turaly-filmnin-korsetilimi.

Материал редакцияға түсті: 20.02.2019

ОМИРЗАК, А., КЕЛИНБЕРДИЕВА, Ы.С., ШАЛГИМБЕКОВ, А.Б.
У.М. СУЛТАНГАЗИН – УНИКАЛЬНАЯ ЛИЧНОСТЬ

Статья посвящена роли У.М. Султангазина в науке о Казахстане, трудам казахского ученого в области космических исследований, биографии и потомкам великого ученого.

Ключевые слова: *У.М. Султангазин, ученый, космос, большая личность, общественный деятель.*

OMIRZAK, A., KELINBERDIEVA, Y.S., SHALGYMBEKOV, A.B.
U.M. SULTANGAZIN IS A UNIQUE PERSONALITY

The article is about the role of U.M. Sultangazin in the science of Kazakhstan, the works of the Kazakh scientist in the field of space research, biography and descendants of the great scientist were studied.

Key words: *U.M. Sultangazin, scientist, space, big personality, public figure.*

Ы. АЛТЫНСАРИН –ХАЛЫҚ МАҚСАТЫ ҮШІН ҚУАТЫН АЯМАҒАН ҰСТАЗ

Омарова, А., Келинбердиева, Ы.С., Шалгимбеков, А.Б.
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты» КММ, Қазақстан

Түйін

Мақалада Ы. Алтынсарин – нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы туралы зерттелген мәлімет берілді.

Кілт сөздер: *Ы. Алтынсарин, ұстаз, ірі тұлға, қоғам қайраткері, мектеп.*

Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының тарихына көз салсақ: Ы. Алтынсариннның 3-томдық шығармаларының 2-томының 209 бетінде: «Из существующих в области пяти училищ русско-киргизская школа Николаевского (Қостанай қ.) у. находилась в городе Троицке (Оренбургской губернии) в наемной квартире. В отчетном же году она переведена в поселение, учрежденное в центре уезда на Кустанай, и помещена в здании, построенном собственно для школы, причем последняя, с разрешения начальства, наименована Кустанайской»; из отчета «О состоянии народного образования в Тургайской области за 1884 год» [1].

Сонымен Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейін қазақ даласын басқару үшін дәрежелі басқарма – төрешілер қажет туғызды. Сол себептен қазақтарға арналған мектептер ашыла басталды. Сондайлар бірі ең алғаш ұсынылған белгілі педагог, шығыс зерттеушісі – В.В. Григорьевтің орыс-қазақ мектебінің жобасы болды. Ол алғашқы мектеп 1861 жылы Троицк қ. ашылды. Осылайша, Қазақстанда бастауыш орыс-қазақ мектептері ашылуына

алғашқы қадамдар жасалды. Барлығы 4 мектеп ашылды, бірақ Григорьевтің жобасы көпке созылмады.

Арнайы мұғалімдері жоқ, мектептер материалды көмектерді қажеттілік еткен және әкімшіліктен жәрдем көрмеген мектептер көпке созылмай жабылып қалды. Сондай жағдай Тройцк қ. мектепте де болды. Мектептердің ары қарайғы тағдырларын Ы. Алтынсарин шешті. Торғай облысының инспекторлық қызметіне кіріскен кезден бастап, Алтынсарин мектептерді ашуды қолға алды. Ең алдымен мектеп жүйесін ұйымдастырып, Троицк қ. мектепті Қостанай қаласына көшіріп, Алтынсарин қазақ даласында мектеп ашудың алғашқы қадамын жасады. 1879 жылы Қостанай қаласының дәл орталығында қазақ даласында туған таңғажайып адам, өз елінің патриоты – Ыбырай Алтынсариннің күшімен ашылған, Қазақстанның көне мектептерінің бірі орналасқан. Мектеп өз кезеңінде республикада және облыста халықтық білім беруді дамыту кезінде маңызды рөл атқарды [2].

Мектеп құрылысы 1882 жылы басталды, ал 1884 жылы Тройцк орыс-қазақ мектебі Қостанай қаласына көшіріліп, «Қостанай екі сыныптық орыс-қазақ училище» болып аталды [1]. Қалқаман ағайдың сөздерінен: «1960 жылы осы қалаға етігімді сүйретіп, жаздың жалпағында, жаздың ыстық күнінде осында келдім. Оспан дейтін үлкен ағам болды, ол мені жетектеп алып келді. Барлық құжаттарды дайындады, ал өзі 8-9 сыныпта оқитын. Сол келіп біз осы мына жерде тұрған Ыбырай атамыз салған, 1884 жылы қызыл кірпіштен бір ғана қабат орамға кірдік» деп Алтынсарин мектебін сипаттай келеді [1]. Сонымен, Ы.Алтынсариннің біз оқып жатқан мектеп, білім шаңырағы Қостанайда 1884 жылы1қыркүйекте іргетасын өзі қалаған Ыбырай мектебі өз тарихын бастады. Ол ұзындығы екі көшенің аралығына созылып жатқан қызыл кірпіштен классикалық монолиттік сәулет стилімен салынған ақшаңқан ғимарат. Оның ұзына бойымен түсірілген суреті жүз жылдығында талай газет-журналаларда басылды.

Ең алғашқы оқушылар саны бас-аяғы 35 қазақ баласы болды. Орыс переселендерінің балаларын оқыту үшін мектеп екікласстық орыс училищесі деген атпен тарихта қалды. Училищенің бірінші класы 4 жылдық бөлімдерден, екінші класы – 2 жылдық бөлімдерден тұратын. Қостанай жеріне келген орыс қоныстанушылардың балалары келгендіктен, бір жылдан кейін оқушы саны 55 болды. Училищеге жыл сайын мемлекеттік қазынашылықтан 3581 сом 40 тиын, қоғамдық сомадан 850 сом құйылып отырды.

Мектеп ғимараты үш сынып бөлмесі, екі жатын бөлме, асхана, «адамдар», науқас бөлмесі, шеберхана болды. Мектеп жанында мұғалімдерге арналған екі үй, монша, сарай, жерқойма, бақша болды. Ағаш отырғызу кезінде Ы.Алтынсарин сол жерде болған. Қараған, мамыргүл және жас қарағай бағы ұзақ уақыт бойы Қостанайдағы ең жақсы бақ болды. Мектептегі алғашқы кітапханасын, ауруханасын ашты, оқу әдебиетін өзі ұсынды. Құрған оқу бағдарламалары мен жоспарлары әдеттегі бастауыш мектептеріне қарағанда әлдеқайда терең әрі кең болды. Бірінші класс төртжылдық бөлімдерден тұрған.

Училищенің алғашқы ұстаздары Абдығалы Балғымбаев, Ф. Соколов, Н. Даулетқалиев, А. Киилячковтар болған [1, б. 5]. Ыбырай Алтынсарин мектеп алғашқы ашылған күні сабақты өзі берді. Мектеп меңгерушісі Ф.Д. Соколов: «Өз ісіне мұқият болуды талап етіп, халық мұғалімдеріне қатал болды, орындамайтындарды қатаң қадағалады. Өз инспекциясындағы мұғалімдердің мұғалімдік істі өзі сияқты жақсы көргендерін қалады. Ол өзінің жылы сөздері арқылы мұғалімдердің бойында оқу ісіне деген құлшынысты оята білді. Қоғам алдында біздің беделімізді жоғары қойды, мұғалімдерді адал әрі еңбекқор ретінде мақтан тұтып, лайықты құрметпен қарауды талап етті» деп жазады.

1897 жылы училище ішінен педагогикалық сынып ашылды, ол кейін интернаты бар екі жылдық педагогикалық курсқа айналды. Курстар «жеңілдетілген түрдегі» мұғалімдер мектебі болып есептеліп, бастауыш училище және ауыл мектептерінің мұғалімдерін дайындады.

Педагогикалық сынып қабырғасынан Мұхамеджан Сералин, Спандияр Көбеев, Бекет Өтетілеуов сияқты атақты тұлғалар шықты.

Қазан төңкерісі, азамат соғысы кезінде мектеп дәл қаланың ортасында болғандықтан, жеңген жақтың штабына айналған. 50 жылдары мектеп қабырғасында ақтардың қызылдарды, партизандарды жазалап атқаны туралы мәрмәр тақтайша ілулі тұратын [3].

1920 жылғы дерек бойынша мектеп уездік бастауыш мектебі, 1924 жылдан бастап Казкоммуна деген атпен белгілі. Казкоммуна жетіжылдық мектеп болған. Алғашында Ленин атын иемденіп, соңынан Мирзоян атын алған.

Бұл қиын кезең еді, сол кездегі естеліктерге қарап отырып, 1937 жылы мектеп бітірген Сералы Жәкетов былай айтты: «Біз балалар үйінен 11 ұл келдік, көбісі Торғайдан еді. Олардың ішінде Сағи Аппазов, Сейіт Қалиев, Сейітқасым Боранқұлов, Кәрім Ізтілеуов, Сейітқұл Исаев және басқалары (көбісі Ұлы Отан соғысы жылдары дүниеден өтті) болды. Ашаршылық кезең еді. Күніне үш рет нан және шаймен қоректендік. Жаппай тұтқынға алу мен репрессия біздің мектепті де бейжай қалдырмады.

Мектеп директоры Досмағамбет Құлшықов, орыс тілі пәнінің мұғалімі Шаяхмет Саутбаев, математика пәнінің мұғалімі Әубәкір Досжановтар «Халық жауы» болып жарияланды. Бізге туғанымыздай болып кеткен, әрі бізден қатал тәртіпті талап еткен, тәрбиеші С. Жұмашев, Ж. Есмурзиндер туралы жақсы естеліктер сақталды» [3]. 1938 жылы 100 адамға шақ интернаты бар орта мектепке айналып, Жамбыл Жабаев атымен аталып, Ыбырайдың аты тек 1960 жылы ашылған №1 қазақ орта мектеп-интернат беріліп тарихи әділеттік орнады. 5 жылдан кейін №22 ОМ №1 мектеп-интернаттың келіп-кетіп оқитын сыныбымен бірігеді. Осы уақыттан бастап жаңа оқу корпусының құрылысы басталады, ал ескі ғимарат ақырындап бұзыла бастайды, сондықтан ол Еңбекші халық депутаттары кеңесінің шешімімен 1968 жылы толық бұзылады [2].

Қазір ол жерде 1991 жылы Ыбырай Алтынсариннің 150 жылдығына ашылған мемориалдық музей бой көтерді, оның бір бөлігі сол мектептің дәлме-дәл көшірмесі. 1966 жылғы мектеп бітіруші профессор К.Х. Жақып 2000 жылы ескі мектеп іргетасының кірпішін тауып алған, ол қазір Ыбырай Алтынсарин атындағы мемориалдық музейде сақталулы.

Мектеп құрылғаннан бері онда көптеген тамаша мұғалімдер жұмыс істеді. Шайхин М., Ибраев Д., Ешімханов С., Жаукин С., Көкжанов Б., Садуақасов К., Өтенов Р., Көпешев Б. сияқты мұғалімдер мектептің дамуына үлкен үлес қосты. Жүздеген оқушы Шайхимова М.Ш. – Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мұғалімі, Шарипова М.С., Башарина З., Досқалиева Г.Д., Хакимова К.Ж., Жоқышев Ш., Давыдова А.А., Рыбалова П., Жакупова Л.К., Хусаинова З.Х., Шакирова К.Ш., Оспанова А.Г., Жумабаева А.Ж. сияқты және басқа мұғалімдерді еске алады.

1938 жылдан бастап 1983 жылға дейін талай оқушылар интернатта жатып оқыды. Тарихтан мәлім, 1954 жылдан тың және тыңайған жерлерді игеру эпопеясы басталып, қалада орыс тұрғындарының балаларын оқытуға орын мектебіне берілді.

Соғыстан кейінгі дерекетерге сүйенсек, 1945-1946 оқу жылынан бастап 3422 ұл мен қыз бітіріп, 20 алтын, 82 күміс медаль, «Алтын белгімен» 25-і үздік аттестатпен аяқтаған.

1966 жылы Ыбырайдың туғанына 125 жыл толу құрметіне, мектепте XIV республикалық педагогикалық оқулар өтті. Келген қонақтар облыс деңгейінде қошаметтеліп, мектеп ауласына болашақ Ыбырай ескерткіші орнына белгі тас қою рәсімі өтті.

Бірақ уәде тек 1970 жылдың 7 мамырында орындалып, Ыбырай мектебінің үйіндісі жиналып, қасиетті мектеп орнында Ұстаздың ескерткіші бой көтерді.

Сол жылы газет бетінде Ғафу Қайырбеков Ыбырай ескерткішіне өлең жолдарын арнады.

Дала қоңырауы
Арқада бір өзен бар,
Өне бойы тал,қамыс
Өне бойы балықтар,
Өне бойы толған құс.
Үстінде оның боз торғай

Ылғи таңда сайраған.
Қарауыңа көз талмай,
Көңіліңді байлаған… [1]

1971 жылы мектеп ұжымы коммунистік оқу-тәрбиедегі жетістіктері үшін (меніңше, республикада тұңғыш мектеп болар) «Құрмет белгісі» орденімен марапаттылып, келесі 1972 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылық жетістіктер көрмесіне қатысты.

1975 жылы қазіргі Әл-Фараби даңғылы (Ленин даңғылы) бойында 4 қабатты жаңа жатақхана, мектебімізідің 100-жылдық мерейтойымен тұспа-тұс, ескі жатақхана орнына жатағы, акт залы, ескі жатақхана орнына жатағы,акт залы, асханасы бар жаңа ғимарат іске қосылды.

Мектеп Қазақ ССР-ы Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотысымен марапатталды. Сол есте кетпес 1984 жылдың мерекелік дайындығы кезінде аянбай, уақытпен санаспай, мектептің ішін жөндеу жұмыстары, безендіру, жаңа жатақхананы толық іске қосу, мектеп ауласындағы абаттандыру жұмыстарына атсалысқан әріптестеріме бүгінгі күнге дейін зор ризалық сезімімді жасыра алмаймын.

1990–1991 оқу жылында ағартушының 150-жылдық тойы қарсаңында ұстаз, шәкірт, ғалымдар, мәдениет қызметкерлерінің тобы Ыбырай мектептері ашылған ауыл, қалақ облысаралық Қостанай-Торғай-Ақтөбе-Орынбор маршрутымен сапар шекті. Қуаныш та, реніш те тудыратын, Ұстаздың аты мен ісін атүсті, терең білмейтіндермен жан-тәнімен білуге құштар жастармен кездесу болашаққа үміт тудырады.

2000 жылы 16 сәуірде облыс әкімінің арнайы шешімімен мектеп орнының аты Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға мектеп-интернаты деп өзгертілді. Ұжым қазір осы мәртебелерін жоғары ұстауға талпынып келеді [4].

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев айтқандай,бүгін әңгіме өзегіне айналып отырған білім ордасында бірқатар балалар жатақханада жатып оқиды. Бұл күндері ол 268 ұл мен қыздың екінші үйіне айналған. Оқушылар осындағы қос жатақханада тұрады. Ұлдар мен қыздар тұратын бөлмелердегі жиһаздарға ауыстырылған.

Мұнда жататын ұл мен қыздар негізінен облысымыздың Наурызым, Меңдіқара, Әулиекөл, Ұзынкөл аудандарының елді-мекендерінен келген. Олардың ата-аналары да қарапайым ғана жұмыс істейтін кісілер. Ата-аналар мұндағы білім алып жатқан балаларына 20 пайызын ғана төлейді. Шәкірттер күніне алты рет тамақтанады. Онда ас мәзіріне ет, сүтпен бірге денсаулыққа пайдалы түрлі шырындар, көкіністер беріледі. Шындығына келетін болсақ, интернаттағы тағамдарды қалада тұратын балалар да күнделікті пайдалана бермейді. Мемлекетіміз елімізідің болашағы болып табылатын жас ұрпақ үшін қолдан келген қамқорлықтың бәрін де жасап жатыр. Мынау соның жарқын айғағы.

Мектеп-интернатта тұратын балалардың гигиеналық жағынан таза болуына да жеткілікті көңіл бөлінеді. Әрбір қабатта балалар суға түсіп, жуынатын орындар бар. Сондықтан ауылдағы ата-аналарға перзенттеері үшін алаңдайтын ештеңе де жоқ. [5, б. 4]

9-шы сынып оқушысы Нұрболат Қылышбайдың интернатымыз туралы былай деді: «Өзім осы интернаттың үшінші қабатында тұрамын. Әр бөлмеде төрт баладан бір үйдің ұлдарындай тату-тәтті ғұмыр көшіп жатырмыз. Мұндағы бізге туғызылғын жағдай өте жақсы.

Мен облыстың Наурызым ауданы Ақбұлақ ауылында туып-өстім. Әкеміз жоқ. Анамыз төрт баланы мәпелеп өсірді. Облыс орталығында осынау іргелі білім ордасында екінші жыл оқып жатырмын. Тамағымыз тоқ, киіміміз көк. Тек қана жақсы оқуымыз керек.

Мұнда оқимын деген зиінді ұл мен қызға барлық мүмкіндіктер жасалған. Сабақ үлгірімім жаман емес. Болашақта заңгер болғым келеді. Кітап тегін, оқу залдары бізге қызмет етеді. Мектеп-интернаттың басшылары үнемі біздің тұрмыс-жағдайымызды қадағалап отырады.

Осындағы балалардың екінші анасы атанып кеткен Нұргүл апамыздың да біз үшін жөні бөлек. Бәріміз оған әбден бауыр басып кеттік. Ол шәкірттерге үнемі ақыл-кеңесін жалықпай айтып отырады. Сабаққа дайындалуымызды бақылайды.

Мектеп интернат-интернат талапқа толықтай сай келеді. Осындай білім ордасыда оқу әрбір ұл мен қыздың арманы деп ойлаймын. Өйткені, бұл оқу орынының негізін кезінде ұлтымыздың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің өзі қалады емес пе? Біз осы атамыздың атына кір келтірмей, соған қашан да терең білім, өнегелі тәрбие, жағымды мінез-құлқымызбен әбден лайықты болуымыз қажет».

Әдебиеттер тізімі

1 Отарбаев Ж. Ыбырай ата арманын арқаладық. Білім-Образование. – Алматы, 2005 ж, – 175 б.

2 Качество образования проверило время // Наш Костанай. – 2009. – Б.12.

3 Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған білімнің қара шаңырағының өткені мен бүгіні жайлы толғаныс // Қостанай таңы. – 2016 ж. – Б. 7.

4 Көпешов Б.Қ. Қостанайдағы Ыбырай Алтынсарин мектебі туралы тарихи деректер. Білім-Образование. – Алматы. 2005. – Б. 7.

5 Оспанов С. Ы. Алтынсарин мұрасы және зерттеушелері. – Қостанай. – 2018. – Б. 23.

Материал редакцияға түсті: 20.02.2019

ОМАРОВА, А., КЕЛИНБЕРДИЕВА, Ы.С., ШАЛГИМБЕКОВ, А.Б.

И. АЛТЫНСАРИН – ПЕДАГОГ, НЕ ЖАЛЕВШИЙ СВОИХ СИЛ ДЛЯ ПРОЦВЕТАНИЯ НАРОДА

В статье были изучены сведения об Ибрае Алтынсарине – настоящем народном писателе, выдающемся художнике, выдающемся общественном деятеле, выдающемся деятеле, поэте, новаторском писателе, выдающемся писателе.

Ключевые слова: *И. Алтынсарин, педагог, общественный деятель, школа.*

OMAROVA, A., KELINBERDIEVA, Y.S., SHALGYMBEKOV, A.B.

ALTYNSARIN – TEACHER, NOT PITYING OF ENERGY FOR NATIONAL PURPOSES

The article studied the information about Ibyray Altynsarin – a real national writer, an outstanding artist, an outstanding public figure, an outstanding person, a poet, an innovative writer, an outstanding writer.

Key words: *I. Altynsarin, teacher, a major personality, public figure, school.*

ҰМЫТЫЛМАС ҰЛЫ ТҰЛҒА – СЕРӘЛІ ҚОЖАМҚҰЛОВ

Жүнүс, Б., Келинбердиева, Ы.С., Шалгимбеков, А.Б.
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға рналған мектеп-интернаты» КММ, Қазақстан

Түйін

Мақалада алғашқы қазақ кәсіби театрының негізің салушылардың бірі Серәлі Қожамқұловтың өмірімен, актерлік өнерімен танысып, оның алғашқы және қазіргі театрдағы алар орнын, театр мен кинонның дамуына қосқан үлесін зерттеу туралы мәлімет берілді.

Кілт сөздер: *Серәлі Қожамқұлов, актер, өнер, ірі тұлға, театр.*

Әрбір адамның жүрек түкпірінде бір сиқыр бар. Ол тамаша сиқырдың аты – өнер. Өнер – әр жанның бойындағы белгілі бір құдірет күші секілді. Біреу қолыңа гитара алып, біреу ән айтып, тағы біреулер би билеп өз көңіл-күйлерін, сезімдерін, күш-қуаттарын, армандарын өнер арқылы көрсетеді. Бірақ өнер ол теке қана белгілі бір аспапты игере білу дегенге шектеліп қалмау керек, өнер – жан-жақты болады. Өнердің ең ерекше әрі ауқымды түрі – театр өнері. Театр – қоршаған ортаны актер ойыны және драмалық іс-қимыл арқылы бейне-

лейтін өнер түрі. Театр – ол өзгеше бір таңғажайып әлем, өнеге көзі және тәрбие ошағы. Соған қоса, театр – өмірді сахналау. Ол адамның ой-санасын жетілдіреді. Өмірдің мұңды да қызықты сәттерін көрерменге жеткізеді. Халықтың тарихын көрсететін, ұлттың ұлт екенін айрықша шеберлікпен сахна төріңде жеткізетін киелі мекен – актердің екінші үйі, отбасы, өміріні үлкен бөлігі.

Қазақ сахнаны киелі санайды. Қазақ халық театр өнері өмірде және көшпенді өмір сүру жолында көптеген ғасырлар бойы қалыптасты. Ерте кездерден бастап қазақтарда поэтикалық және музыкалық шығармашылық дамыды. Осындай аңыздар мен ертегілерде халықтың еркіндік пен жақсы өмір сүру туралы армандары бейнеленген. Қазақтар арасында түрлі ойындар мен көріністер, ақындық және музыкалық шеберліктер бойынша жарыс өтті. Олардың көпшілігі театрдың элементтері болып табылатын. Театрдың элементтері іскерлік қарым-қатынастың кейбір түрлерінде, мысалы, билердің төрелігінде, әдеттегі заңдарды басшылыққа ала отырып, соңғы сөз жеңетін биде болады. Осылайша, ұлттық фольклорда және қазақ халқының қоғамдық өмірінде театр өнерінің элементтері бірте-бірте жетіле бастады.

Алғашқы театр өнерінің ойын-сауығы ретінде дүниеге келу мекені – халық арасы, ел іші. Сол топырақта дүниеге келген өнер белгілі бір шартқа, болмысқа, ұлттық құбылысқа бағынады. Өз бойында туындаған өнер сол елдің әдет-ғұрпын, дәстүрін, ұғым-нанымын, мақсат-мүддесін паш етеді. Халқымыздың өз іргесінде туған салттық, дәстүрлік ойындар, той-думандар, ел аузындағы күлдіргі әңгіме, аңыздар,сан қилы жиындарда орындалатын театрлық ән-күйлер, күлкілі жайттер – біздің өнеріміздің дүниеге әкелген репертуар мен сахнасы. Қазақтың ертеден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық сахналық бұйымдардың халық өнеріндегі тегін тектеп, болмысын айқындау театр-тануда аса қажет. Олай болса, театр өнерінің даму ерекшелігін алдымен ұлттық театрдың басты өзегі болған қазақтың ескіден келе жатқан көне ауыз әдеби мұраларынан театр элементтерін іздестіруге болады. Мәселен, «Жар-жар» мен «Беташар», «Айтыс» өлеңдерін М.Әуезов «ешқандай қоспасыз театр» деген. Бір кездері М.Әуезов: «Ұлт театры екі бағытта – қалалық және далалық болып дамиды» деген пікір айтқан. Осы ойға орай қыр театрының (дала театры) репертуарына жоғарыда аталған салт өлеңдері еніп, өзінің тамаша орындалуымен дүйім елді таң-тамашаға бөлеп отырған [23, б. 18].

Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің аса маңызды құралы. Оның өзгеше бір қасиеті, яғни әрекетке құрылған табиғаты сахналық ойын-сауықтың мазмұн-желісі мен идеялық-эстетика негізін құрайтын драма арқылы ашылады. Театр әдеби шығарманы сахналық әрекетпен, өзіне тән бейнелі театрлық бояу-өрнекпен жаңа күйге түсіреді де драмадағы мінез-кейіптерді, олардың өзара қарым-қатынастарынан, қақтығыстарынан туатын талас-тартыс пен іс-қарекеттеріне жан бітіріп, тірілтіп жібереді. Осыған орай көрермендер де театр сахнасында өтіп жатқан оқиға әрекет пен оған қатысушы-қаһармандардың ой-арманына, шат күлкісі мен сезім діріліне, күйінішіне, жалпы тіршілік-тынысына бейжай, немқұрайлы емес, қайта бар ынта-зейінімен, ынтызар көңілімен қарайды, яғни олар осы сәтте сахналық өмір көріністерінің жай бейтарап, салқынқанды бақылаушысынан гөрі тікелей қатысушысы ретінде бой көрсетеді. Түптеп келгенде театрдың қоғамдық-тәрбиелік қызметі мен идеялық-эмоциялық және көркемдік-эстетикалық әсер күші де осыған саяды. Театрдағы басты тұлға, пьесадағы берілген жағдайға байланысты әрекет етіп, сахналық қаһарманның характерін жасайтын – актер. Ол сахнада шығармалық процесс кезінде пьеса материалын өзінің болмыс шындық туралы ой-түсінігімен, өмірде көріп-байқағандарымен, эстетикалық сезім-түйсігімен үнемі байытып, толықтырып отырады. Бұл тұста актердің бойынан орындаушылық өнерге қоса ойшыл суреткерлік қасиет те айқын аңғарылады. Актер образы пьеса және спектакльді қоюшы-режиссердің (қара Режиссерлік өнер) түсінік-шешімі мен түсіндірмесі негізінде өмірге келеді. Өнердің өзге түрлеріндей театр да өмір шындығын көркем образдар жүйесі арқылы бейнелейді. Ал мұның өзі спектакль бойынша жүзеге асады.

Театр – ұжымдық өнер, өйткені қазіргі театр спектаклі драматург, актерлер, қоюшы-режиссер, сценограф (декоратор-суретші; қара Театр декорация өнері), композитор (қара Театр музыкасы) мен хореографиялық өнерінің және киім-кешек жасаушылар, гримшілер,

жарық берушілер секілді, театрдағы т.б. көптеген қызметкерлер еңбегінің өзара тоғысуы нәтижесінде туады. Театр өнерінің синтездік табиғаты оның тарихи даму сатысымен тығыз байланысты. Әсіресе, театрдың өзіне тән мұндай ерекшелігі драмалық әрекет, музыка, ән мен бидің бір-бірінен бөлінбей тұрған кезіндегі кең таралған халық ойын-сауықтарынан айқын көрініс тапты. Кейінгі дәуірлерде өнер түрлерінің жіктеліп шығуымен және олардың одан әрі ілгері дамуымен байланысты театр өнері өзінің синтездік қасиетінен айрылды. Сөйтіп, театр негізінде драма, опера және балет секілді 3 түрі қалыптасты. Енші алып, отау тігіп, өз алдына жекеленіп шыққанымен музыкалық театр өзінің драмалық негізінен айрылған жоқ, тек мұндағы уақиға-әрекет музыкалық драматургияның тәсілдерімен, музыка-поэзиялық образдар арқылы ашылды. Театр – табиғатынан көпшілік қауымға ғана арналған, қоғамдық-мәдени мән-маңызы үлкен өнердің бірі. Ол көрерменсіз, жеке өз алдына өмір сүре алмайды. Осыған байланысты сахна мен көрермен бірігіп отырып шынайы өмір құбылысына ой жүгіртеді, оған өз тұрғысынан баға береді; театр көрермендердің ішкі жан сезіміне әсер етіп, терең толғандырған жағдайда ғана өзінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін атқарып, эстетикалық мақсат-мұратына жетеді.

Театр мен драматургиялық элементтерді шешендік өнерден де еркін аңғаруға болады. Қазақ елі шешендік сөз өнерін аса жәоғары бағалаған. «Өнер алды қызыл тіл» деп түсінген ата-бабамыз небір «от ауызды, орақ тілді» ділмәр шешендердің өткір сөздерін, аяқ астынан тақпақтап айтылатын ақыл-нақылға толы тапқырлығын, ақындардың бойға көркемдік қуат беретін толғауын, термелерін көптеген ғасырлар бойы жадында ұстап, жиын-тойларда асқан шеберлікпен орындап, ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра ретінде қалдырып отырған.

Әдебиеттер тізімі

1 Актер және азамат. [С.Қожамқұлов туралы мақалалар мен естеліктер] / Құраст. Қ. Уәлиев. Алматы: Өнер, 1989. – 284 б.

2 Әсіпұлы С. Серәлі Қожамқұлов: Мырқымбай деген жақсы есім // Жаңа ғасыр. – 2006. – №12. – Б. 50-60.

3 Жақсанов О. Қайталанбас тұлғалар // Шапақ. – Қостанай. – 2009. – Б. 138-146.

4 Күлпейісова Г. Сераған – қазақтың берекелі шалы, киелі тұлғасы, жас өнерпазы // Мәдениет. – 2007. – №3. – Б. 52-55.

5 Нұрғожа Орал. Сахна саңлағы: [Серке Қожамқұлов туралы әңгіме] // Қостанай таңы. – 2011.

6 Сығай Ә. Таңғажайып театр // Дәуір. – Алматы. – 2014. – Б. 29-37.

7 Серәлі_Қожамқұлов [Электрондық ресурс]. Қолдану режимі: https://kk.wikipedia.org/-wiki/Серәлі_Қожамқұлов.

Материал редакцияға түсті: 20.02.2019

ЖҮНҮС, Б., КЕЛИНБЕРДИЕВА, Ы.С., ШАЛГИМБЕКОВ, А.Б.

ВЕЛИКАЯ ЛИЧНОСТЬ – СЕРАЛИ КОЖАМКУЛОВ

В статье представлены сведения о жизни и деятельности одного из основателей казахского профессионального театра Серали Кожамкулова, его роли в первом и современном театре, его вкладе в развитие театра и кино.

Ключевые слова: *Серали Кожамкулов, актер, искусство, театр.*

ZHUNUS, B., KELINBERDIEVA, Y.S., SHALGYMBEKOV, A.B.

NATIONALIZATION FOR THE GREAT NAME – SERALI KOZHAMKULOV

The article presents information about the life and acting of one of the founders of the Kazakh professional theater Serali Kozhamkulov, his role in the first and modern theater, his contribution to the development of theater and cinema.

Key words: *Serali Kozhamkulov, actor, art, major personality, theater.*

УДК 37.08

Абдыкаликова, К.А.
кандидат химических наук, доцент,
профессор кафедры естественных наук,
председатель Совета ветеранов
Бектурганова, Р.Ч.
доктор педагогических наук,
профессор, советник ректора КГПУ
Важева, Н.В.
кандидат педагогических наук, ассоциированный
профессор кафедры естественных наук, КГПУ
Ищанова, Р.С.
руководитель Тьюторского проекта КГПУ,
Костанай, Казахстан

О ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СОВЕТА ВЕТЕРАНОВ КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

Аннотация

В статье дается описание тьюторского проекта «Я – стажер» (I am an intern), реализуемого в КГПУ. Представлены цель и задачи проекта, охарактеризованы мероприятия, проводимые в рамках проекта: круглый стол «Я – стажер: мой путь в профессию», зимняя «Школа стажеров», «Фестиваль педагогических идей».

Ключевые слова: *стажер, наставник, педагогические идеи.*

Ведущее место среди современных технологий в мировой и отечественной педагогической практике принадлежит проектной деятельности.

Метод проектов – это педагогическая технология, которая используется как средство решения актуальных проблем. Преимущество проектной деятельности заключается в технологии решения проблемы – от постановки задач до получения ожидаемого результата.

С 2017–2018 учебного года в Костанайском государственном педагогическом университете имени Умирзака Султангазина Советом ветеранов реализуется **тьюторский проект «Я – стажер» (I am an intern).**

Проект поддерживает и финансово обеспечивает ректор университета Әбіл Еркин Аманжолович.

Цель проекта: научно-методическое, психологическое, организационное сопровождение выпускников и оказание помощи по их вхождению в коллективы школ, освоению ими корпоративной культуры и установлению длительных трудовых отношений.

Сроки реализации проекта: 2017–2018 и 2018–2019 учебные годы.

Ежегодно в школы области прибывает около 500 выпускников Костанайского государственного педагогического университета, часть выпускников университета закрепляется в сельских школах. После окончания вуза многие молодые специалисты продолжают поддерживать связь со своими наставниками-тьюторами, которые, как старшие коллеги, оказывают им методическую помощь, дают консультации по предметам, задействуют на кафедральных мероприятиях, совместно пишут научные статьи.

Устанавливается более тесное взаимодействие на профессиональном уровне выпускников и наставников. Молодые учителя осознают, что они всегда могут рассчитывать на помощь своих старших коллег, причем не только в вопросах организации учебного процесса, но и в плане личного профессионального роста, повышения квалификации.

Все вышеизложенное обуславливает актуальность и значимость **тьюторского проекта «Я – стажер» (I am an intern).**

Данный проект позволит оказать помощь начинающим учителям в освоении профессии и овладении ими в полном объеме профессией за счет передачи наставниками личного опыта. Проект поможет установить обратную связь и выявить системные проблемы в работе выпускников. Уникальный проект «Я – стажер» КГПУ становится все более востребованным среди молодых учителей школ области.

На сегодняшний день создан банк данных о выпускниках 2017–2018 учебного года. Составлена Анкета и размещена на сайте вуза.

В период осенних каникул проведен круглый стол «Я – стажер: мой путь в профессию» со стажерами-выпускниками 2017 и 2018 годов. Круглый стол прошел в теплой и дружеской обстановке; состоялся заинтересованный, откровенный разговор. Молодые преподаватели поделились, как прошла адаптация в школе, какие были трудности, поделились со своими успехами и достижениями. Речь шла об обновленном содержании образования, классном руководстве и работе с родителями.

Учитывая пожелания стажеров, в период зимних каникул на базе отдыха «Золотой фазан» была проведена зимняя «Школа стажеров».

Программа школы была насыщенной и плодотворной.

Семинар начался с тренинга «Давайте познакомимся», проведенного председателем Совета молодых учителей школ Костанайкой области Джумабековым Амиржаном Закариевичем.

Рассматривались вопросы проблемы перехода казахстанской школы на обновленное содержание образования.(Бектурганова Р.Ч.)

Куратор проекта «Я – стажер» сообщила о проделанной работе в течение года; отметила, что участники проекта поддерживают тесную связь со своими наставниками (Ищанова Р.С.**)**

Активное участие все приняли в диалоговой площадке «Организация исследовательской деятельноти выпускника-стажера как социальное партнерство школы и вуза», проведенной Ардабаевой Б.К, ст.менеджером филиала ЧУ «Центр педагогического мастерства» в г.Костанае. Основная цель которой – актуализация важности формирования исследовательских навыков для профессионалного разития будущих педагогов.

Наиболее важную информацию о работе классного руководитедя и работе с родителями предоставила Шалгимбекова А.Б, доцент кафедры педагогики.

Стажер Гордиев А.А, учитель физики СШ №1 поделился впечатлениями о новой прикладной науке «наука о данных», вобравших в себя инструменты ИКТ и математической статистики.

master of biology, the head of SRC of Science and international relations office
Rulyova, M.M.
master of biology, senior lecturer of the natural sciences department, KSPU, Kostanay, Kazakhstan

THE COMPARATIVE ANALYSIS OF THE SOIL INVERTEBRATES COMMUNITIES (MACROFAUNA) ON VIRGIN AND CULTIVATED LANDS OF KOSTANAY DISTRICT, KOSTANAY REGION

Abstract

The soil population (macrofauna) is a good indicator of the ecological status of the ecosystem. Large soil invertebrates are sensitive to changes in the chemical and physical properties of soils, the reaction of soil solutions, which leads to changes in their population structure, abundance, and biomass. The pu-rpose of this work is to analyze changes in the population structure of soil inver-tebrates (macrofauna) under the influence of prolonged plowing and fallowing of agricultural lands in conditions of southern black soil (chernozem) on loams. The material was collected using the method of soil and zoological samples. The com-position and the population density of the macrofauna in the virgin land and agri-cultural clean cultivation fields were analyzed. Changes in the population structure on the virgin plot and on agricultural land with different modes of use are noted.

***Key words**: soil invertebrate, macrofauna, southern black soil (cherno-zem), Kostanay region, virgin steppe, clean cultivation.*

1 Introduction

Soil as habitat is a unite system with populations of various organisms inhabiting it. To assess the change of ecological state of natural and economically used ecosystems the various methods of analysis were used. Large invertebrate animals (Macrofauna) present a high indication value [1-3] because they respond to changes of chemical and physical features of soil, distribution, and composition of air, soil consistency, which, in turn, leads to changes in the structure of their population, abundance and biomass.

This paper is focused to the analysis of the comparative composition of the communities of soil invertebrates (macrofauna) on virgin and cultivated lands, which are located in the subzone of southern black soil (chernozem). There are a number of publications by Bragina TM, which reflect the issues of species composition, distribution, density and structure of soil invertebrates of the steppe areas of the Kostanay region [3-9].

2 Materials and methods

The works were carried out at three sites that are managed by Aleksandrovskoye LLP, Alexandrovsky Rural District, Kostanay District, Kostanay Region (Picture 1).

Picture 1 – Stationary sites of soil-zoological sampling. Kostanay district, Kostanay region. 2018
1 – virgin steppe; 2 – fertilized agriculture field with clean cultivation;
3 – non-fertilized agriculture field with clean cultivation

The geobotanical description of the work sites has been carried out.

The study of macrofauna was made by the method of soil-zoological samples [10]. A total of 16 samples of 25 cm x 25 cm in size were collected at each site up to the depth of occurrence of invertebrates. A total of 48 samples were collected and analyzed. Samples were collected by hand sorting layer by layer: 0-10 cm, 10-20 cm, 20-30 cm, 30-50 cm. All collected objects were fixed in 70% ethanol and labeled. Further processing and identification of invertebrates were carried out in the laboratory of the Research Center Problems of Ecology and Biology (SRC PEB) of the KSPU. Samples of the virgin steppe (first) site were taken on 22nd May, 2018, on cultivated lands with clean cultivation (second and third) on 6th June, 20186 and 6th June, 2018.

The following scale of dominance was applied for the analysis of the communities of soil invertebrates: invertebrates belonged to the group of dominants, the number of which was 10% or more of the total number of invertebrates collected, and subdominant groups included groups that ranged from 5% to 10% of the total number of invertebrates. Materials are processed statistically.

3, 4 Results and discussion

Description of the sites:

Site 1. The virgin steppe. The site is located on the territory of the Aleksandrovsky rural district of Kostanay district, 43 km north of Kostanay. The geographical coordinates are 53˚53 ', 63˚79'. The site has a slightly undulating relief. Fescue – feather grass – cereal (*Stipa lessingiana – Festuca valesiaca*) virgin steppe Community edificator (cop_3) *is Festuca valesiaca* Gaud. Coedificators (cop_1) are *Stipa lessingiana* Trin. & Rupr. and *Stipa capillata* L. *Phleum phleoides* (L.) Karst was marked in fewer cereals (sp). Motley grass in the community is represented by the following species: *Carex humilis* Leyss., *Artemisia dracunculus* L., *Artemisia austriaca* Jacq., *Potentilla argentea* L., *Galium ruthenicum* Willd, *Thymus marschallianus* Willd., *Thymus sp., Centaurea sp., Veronica incana* L., *Achillea millefolium* L., *Tanacetum sp., Plantago minuta* Pall., *Salvia sp., Nonea rossica* Steven, *Astragalus danicus* Betz., *Scorzonera sp., Euphorbia sp*. The soil is southern black soil (chernozem), light loamy.

Site 2. The clean cultivation since the 2017 year. The site is located on an agriculture field with a total area of 117 hectares (sector number 43). The geographical coordinates – 53˚51', 63˚78'. Applied fertilizer «Ammophos» (150 kg/ha). On this site in 2017 a subsurface tillage was carried out as follows:

➢ 1 tilling (after field-seeded, end of May) – Seeder-cultivator grain stubble (SZS-2,1) – depth 5 – 6 cm.;

- 2 tilling (middle of June) – Seeder-cultivator grain stubble (SZS-2,1 – depth 8–10 cm.;
- 3 tilling (beginning of July) – flat-top cultivator (KPSh-9) – depth 12–14 cm.;
- 4 tilling (middle of August) – fertilizer distribution SZS-2,1 (depth 14–16 cm.);
- 5 tilling late September after harvesting by subsurface plow PG 3-5 (depth 18–23 cm.).

In 2018, the field was sown with wheat. Before sowing, seeds were treated with «the Viking» systemic fungicide (WSC water suspension concentrate, carboxin 170 g/l + thiram 170 g/l) of controlling a complex of seed, soil and aerogenic infections in a volume of 10 l per 1 ton of seeds, consumption rate 2 l/ha.

Site 3. The clean cultivation since the 2017 year. The site is located on an agriculture field with a total area of 180 hectares (sector number 68). The geographical coordinates – 53˚50', 63˚78'. Fertilizers and chemicals and chemical weeding did not take place. Soilless tillage was carried out in 2017 according to the scheme of the previous field with the exception of fertilization:

- 1 tilling (after field-seeded, end of May) – Seeder – cultivator grain stubble (SZS-2,1) – depth 5–6 cm.;
- 2 tilling (middle of June) – Seeder-cultivator grain stubble (SZS-2,1 – depth 8–10 cm.;
- 3 tilling (beginning of July) – flat-top cultivator (KPSh-9) – depth 12–14 cm.;
- 4 tilling late September after harvesting by subsurface plow PG 3-5 (depth 18–23 cm.).

Before sowing, seeds were treated with «the Viking» systemic fungicide (WSC water suspension concentrate, carboxin 170 g/l + thiram 170 g/l) of controlling a complex of seed, soil and aerogenic infections in a volume of 10 l per 1 ton of seeds, consumption rate 2 l/ha.

In the period of research in the first site, the average daytime temperature was 18^0 C, night temperature 22^0 C. The average daily atmospheric pressure is 750 mm. Hg Art. During the period of work on the second and third sites, the average daily temperature was 30° C, and the nighttime temperature was 20° C. The average daily atmospheric pressure was 742 mm. Hg Art.

During the period of work, invertebrates belonging to 2 Phylum, 5 Orders were collected. The represetatives of Class Insecta were the most diverse. The coleopterans was presented by 11–12 families (table 1).

In the virgin area the total density of the soil invertebrate community amounts to 112,0 ind./m^2 excluding ants (table 1), including ants 429,0 ind./m^2.

Table 1 – Comparative composition, density (individuals/m^2), and abundance (% of total abundance) of soil invertebrates (macrofauna) on virgin and cultivated lands in the subzone of the southern black soil (chernozem) of Kostanay district of Kostanay region (excluding Formicidae). May-June, 2018 year

Composition	Population density (ind./m^2) / % of the total number excluding ants		
	Fescue – feather grass-cereal (*Stipa lessingiana – Festuca valesiaca*) virgin steppe. Southern chernozem. Light loamy. Kostanay district	Fertilized agriculture field with clean cultivation. Alexandrovsky rural district, Kostanay district	Non-fertilized agriculture field with clean cultivation. Alexandrovsky rural district, Kostanay district
ARANEI	**9,0/8,0**	**3,0/3,1**	**7,0/4,1**
MYRIAPODA	-	**1,0/1,06**	-
HETEROPTERA	**25,0/22,3**	**7,0/7,4**	**20,0/11,9**
COLEOPTERA	**61,0/54,4**	**55,0/58,5**	**135,0/80,3**
- Carabidae	12,0/19,6	25,0/45.4	90,0/66,6
imago	8,0	22,0	85,0
larvae, pupa	4,0	3,0	5,0
- Elateridae	16,0/26,2	16,0/29,0	18,0/13,3

- Scarabaeidae	10,0/1,6	4,0/7,2	4,0/2,9
imago	-	-	-
larvae, pupa	1,0	4,0	4,0
- Tenebrionidae	-	4,0/7,2	4,0/2,9
- Coccinelidae	13,0/21,3	2,0/3,6	2,0/1,4
- Chrysomelidae	6,0/9,8	1,0/1,8	6,0/4,4
- Curculionidae	4,0/6,5	1,0/1,8	5,0/3,7
- Staphylinidae	1,0/1,6	-	2,0/1,4
- Meloidae	-	-	2,0/1,4
- others coleopterans	8,0/13,1	2,0/3,6	2,0/1,4
DIPTERA	**15,0/13,3**	**27,0/28,7**	**5,0/2,9**
LEPIDOPTERA	**1,0/0,8**	-	-
HYMENOPTERA	**1,0/0,8**	-	**1,0/0,5**
TOTAL (ind./m^2)	**112,0**	**94,0**	**168,0**
Quantity per sample (ind./0,0625 m^2 $M_{m.} \pm m$)	7,0	5,88	10,5
CV (%) (coefficient of variation)	76,5	43,45	44,4

Taxonomic groups such as Coleoptera (54,4%), Heteroptera (22,3%) and Diptera (13,3%) dominated in the virgin area (site 1). In the structure of the Coleoptera order, the dominants were representatives of such families as Elateridae (26,2%), Coccinelidae (21,3%) and Carabidae (19,6%). Chrysomelidae (9,8%) and Curculionidae (6,5%) were sub-dominants. Scarabaeidae and Staphyinidae were accounted for 1,6% of the total number of beetles.

The density of soil invertebrates (macrofauna) community in the fertilized agriculture field with clean cultivation (site 2) was 94,0 ind./m^2. Coleoptera (58,5%) and Diptera (28,7%) is the dominant group. In the coleopteran order structure Carabidae made up 45,4% of the total number of individuals of the order, Elateridae – 29,0%, Scarabaeidae – 7,2% and Tenebrionidae – 7,2%, Coccinelidae – 3,6%, Chrysomelidae – 1,8% and Curculionidae – 1,8%. Representatives of the order Heteroptera are classified as subdominants (7,4%).

The population density of soil invertebrates (macrofauna) in the non-fertilized agriculture field with clean cultivation (site 3) was 168,0 ind./m^2. The dominants were represented by the following groups: Coleoptera (80,3%), Heteroptera (11,9%). Subdominants were not identified, since the remaining groups accounted for less than 5,0% of the total. Representatives of Carabidae (66,6%) and Elateridae (13,3%) dominated among Coleoptera. The order Heteroptera was represented by a group of Thyreocoridae.

According to the results of the work, it was found that during the study period, the highest density of macrofauna were observed in the virgin area and reached 429,0 ind./m^2 (excluding ants – 112,0 ind./m^2), whereas on cultivated land ants were not observed.

The density of macrofauna (excluding ants) was higher in the non-fertilized site with clean cultivation due to the high activity of ground beetles's imago (Coleoptera, Carabidae), which accounted for up to 70,0% of the total number of collected invertebrates.

During the period of work in all three sites in the work area representatives of the Carabidae (127 ind., 18,3%) dominated; Elateridae (50 ind., 7,2%), Heteroptera (52 ind., 7,5 %) and Diptera (47 ind., 6,80%) were as sub-dominants; the remaining groups accounted for less than 3,0% of the total were noted. Larvae and imago of pests of the Elateridae (Picture 2) were found on agricultural fields, for example, *Selatosomus latus* and *Selatosomus aeneus and Agriotes sputator*.

Picture 2 – Selatosomus latus (site 2, Kostanay district, 06.07.2018)

The number of phyto-saprophagous (Scarabaeoidae, Tenebrionidae) – Scarabaeoidae – sharply decreased from 10,0 ind./m^2 in the virgin area to 4,0 ind./m^2 in the cultivated lands; Tenebrionidae – from 13,0 ind./m^2 to 2,0 ind./m^2 on the cultivated lands. On the other hand, the number of pests of agricultural crops did not change or became higher (from 16,0 ind./m^2 to 18,0 ind./m^2 in the site with clean cultivation). Generally, it consists of the previously obtained data for the subzone of dark chestnut soils in the region, where such changes were more pronounced [3 – 9].

5 Conclusion

Under the conditions of southern black soil (chernozem) on loams, the density of communities of the large soil invertebrates (macrofauna) in the late spring period (before planting crops) in 2018 ranged from 94,0 ind./m^2 on a clean cultivation site to 429,0 ind./m^2 (excluding ants – 112,0 ind./m^2) on a virgin site with a fescue – feather grass – cereal (*Stipa lessingiana* Trin. – Rupr. + *Festuca valesiaca* Gaud.) virgin steppe.

The density of phyto-saprophagous (Scarabaeoidae, Tenebrionidae) – Scarabaeoidae – significantly decreased from 10,0 ind./m^2 in the virgin steppe to 4,0 ind./m^2 on the cultivated lands; Tenebrionidae – from 13,0 ind./m^2 in the virgin steppe to 2,0 ind./m^2 on the cultivated lands. At the same time, the number of pests of agricultural crops did not change or became higher (Elateridae – from 16,0 ind./m^2 to 18,0 ind./m^2 in the area with clean cultivation).

In the clean cultivation sites during this period no ants were observed. Apparently, they colonize them later. The survival refugium for ants is represented by preserved virgin steppe areas.

References

1 Захаров А.А., Бызова Ю.Б., Уваров А.В., Залесская Н.Т. и др. Почвенные беспозвоночные рекреационных ельников Подмосковья. – М.: Наука, 1989. – 233 с.

2 Стриганова Б.Р. Структура и функции сообществ почвообитающих животных // Структурно-функциональная роль почвы в биосфере. – М.: ГЕОС, 1999. – С. 135-144.

3 Брагина Т.М. Сравнительный анализ населения почвенных беспозвоночных степей и залежей в подзоне умеренно-сухих степей Казахстана // Известия НАН РК. Серия биологическая и медицинская. – 2004. – №4. – С. 25-30.

4 Брагина Т.М. Сравнительные исследования структуры животного населения почв целинных и залежных земель сухостепного Казахстана // Проблемы почв. зоологии. Мат-лы IV (XIII) Всероссийского совещания по почв. зоологии, посвященного 90-летию академика М.С. Гилярова, Москва, 2002. – С. 30-31.

5 Брагина Т.М. Закономерности изменений животного населения почв при опустынивании (на примере сухостепной зоны Центральной Азии) – Афтореф. дисс. докт. биол. наук, М., ИПЭЭ им. А.Н. Северцова РАН, 2004. – 46 с. (рукопись).

6 Брагина Т.М. Структура сообществ почвенных беспозвоночных целинных и залежных земель в условиях степных плакоров Северного Тургая // Вестник КазНУ им. аль-Фараби, сер. Экологическая. – 2004. – №2 (15). – С. 12-15.

7 Брагина Т.М. Изменения структуры сообществ почвенных беспозвоночных степей Северного Тургая по градиенту засушливости местообитаний // Проблемы освоения пустынь. – 2004. – №4. – С. 53-58.

8 Брагина Т.М. Закономерности формирования сообществ беспозвоночных на залежных землях степного Казахстана // Докл. НАН РК. – 2004. – №5. – С. 88-91.

9 Брагина Т.М., Муратова С.М., Степанова Т.Н., Чабаненко Е.В. Изменения населения почвенных беспозвоночных (мезофауна) на степной трансекте Северного Казахстана (Костанайская область) // Степи Северной Евразии. Мат-лы IV Междунар. Симпозиума. – Оренбург: ИПК Газпромпечать». – 2006. – С. 139-142.

10 Гиляров М.С. Учет крупных почвенных беспозвоночных (мезофауны) // Методы почвенных зоологических исследований. – М.: Наука, 1975. – С. 12-29.

Article received by the editorial office: 04.03.2019

БРАГИНА, Т.М., БРАГИН, Е.А., БОБРЕНКО, М.А., РУЛЁВА, М.М.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ҚОСТАНАЙ АУДАНЫНЫҢ ТЫҢ ЖӘНЕ ӨҢДЕЛЕТІН ЖЕРЛЕРІНДЕ ТОПЫРАҚ ОМЫРТҚАСЫЗДАРЫНЫҢ (МЕЗОФАУНА) ОРНЫҒУЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Топырақ қауымдастығы (мезофауна) экожүйенің экологиялық жағдайының жақсы көрсеткіші болып табылады. Ірі топырақ омыртқасыздары топырақтың химиялық және физикалық қасиеттеріндегі өзгерістерге сезімтал, топырақ ерітінділерінің реакциясы, олардың қауымдастық құрылымында өзгерістерге, молшылыққа және биомассаға әкеледі. Осы жұмыстың мақсаты саздақтардағы оңтүстік қара топырақ жағдайында ұзақ жырту және ауыл шаруашылығы алқаптарының булануы әсерінен топырақ омыртқасыздары (мезофауна) қауымдастық құрылымының өзгеруін талдау болып табылады. Материал жинау топырақты-зоологиялық үлгілері әдісімен орындалды. Тың учаскесінде және бу астындағы ауыл шаруашылығы алқаптарында мезофауна қауымдастығының құрамы мен тығыздығына талдау жүргізілді. Қауымдастық құрылымында тың игеру жерлері мен әртүрлі пайдалану режимдеріндегі ауыл шаруашылық саздақтарда өзгеру анықталды.

Кілт сөздер: *топырақты омыртқасыздар, мезофауна, оңтүстік қара топырағы, Қостанай облысы, тың дала, булау.*

БРАГИНА, Т.М., БРАГИН, Е.А., БОБРЕНКО, М.А., РУЛЁВА, М.М.

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ НАСЕЛЕНИЯ ПОЧВЕННЫХ БЕСПОЗВОНОЧНЫХ (МЕЗОФАУНА) НА ЦЕЛИННЫХ И ОБРАБАТЫВАЕМЫХ ЗЕМЛЯХ КОСТАНАЙСКОГО РАЙОНА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Почвенное население (мезофауна) является хорошим индикатором экологического состояния экосистемы. Крупные почвенные беспозвоночные чувствительны к изменениям химических и физических свойств почв, реакции почвенных растворов, что приводит к изменениям в структуре их населения, численности и биомассе. Целью данной работы является анализ изменений структуры населения почвенных беспозвоночных (мезофауна) под влиянием длительной распашки и парования сельскохозяйственных угодий в условиях южных черноземов на суглинках. Сбор материала проводился методом почвенно-зоологических проб. Проведен анализ состава и плотности населения мезофауны на целинном участке и сельскохозяйственных полях под паром. Отмечены изменения в структуре населения на целинном участке и на сельскохозяйственных угодьях с разным режимом использования.

Ключевые слова*: почвенные беспозвоночные, мезофауна, южный чернозем, Костанайская область, целинная степь, парование.*

ӘОЖ 004.78

Ерсултанова, З.С.
техникалық ғалымдар кандидаты,
информатика, робототехника,
компьютерлік технология кафедрасының
қауымдастырылған профессоры
Уразова, Э.К.
техникалық ғалымдар магистрі, информатика,
робототехника, компьютерлік технология
кафедрасының оқытушысы,
ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан

NETEMUL ЭМУЛЯТОРЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІЛЕРДІ ЕНГІЗУ ӨЗЕКТІЛІГІ

Түйін

Мақалада виртуалды компьютерлік желіні құрастыруға арналған NetEmul эмуляторы қарастырылған. Берілген эмуляторда тәжірибелік жұмыстар жасау мысалдары негізінде, мектеп бағдарламасында үйренуге қажетті компьютерлік желілердің құрылу қағидалары сипатталады.

Кілт сөздер: *желілер, NetEmul, топология, IP-адресация, MAC-мекенжай.*

1 Кіріспе

Дербес компьютерлердің пайда болуы деректерді өңдеу жүйесінің ұйымдастырылуына, жаңа ақапарттық технологиялардың жасалуына жаңа амалды қажет етті. Деректерді өңдеуде барлық қажетті жұмысты бір компьютер орындаған модель, саны жоғары дербес, бірақ бір-бірімен байланысқан модельге орын берді. Бұндай жүйелер компьютерлік желілер деп аталады. Ал Интернет желісінің пайда болуымен қазіргі ақпараттық технологиялар ақпаратты өңдеудің жетілдірілген құралдарын қажетсінді. Сондықтан осындай түрлі құралдарға қажеттілік өсуде. Компьютерлерді және байланыс құралдарын ауқымды желіге байланыстыру компьютерлік жүйелерді ұйымдастыру қағидаларына зор ықпалын тигізді.

Компьютерлік желілерді қолдану, желідегі кез-келген қолданушы үшін бағдарламаны және жабдықтарды ортақтасып пайдалануды ұсынады, бұл жағдай қаражатты үнемдейді және ақпаратты сақтаудың жоғары сенімділігін қамтамасыз етеді. Желідегі қолданушылардың саны шексіз бола алады. Сонымен қатар, компьютерлік желі, бір-бірінен алшақ орналасқан қолданушылар арасындағы күшті байланыс құралы болып табылады. Егер олардың біреуі серверде орналасқан құжатты онлайн режимде өзгертетін болса, қалғандары бұл өзгерістерді лезде көре алады. Осыған орай, компьютерлік желілер біздің өміріміздің ажырамас бөлігі екендігіне көзіміз жетті және қазіргі уақытта олар адам қызметінің барлық салаларын қамтиды. Білім саласы да шетте қалған жоқ. Дамыған қоғамда білім адам өмірінің ең маңызды салаларының бірі болып табылады. Себебі ол елдің экономикалық және мәдени тұрғыда даму болашағын анықтайды. Және адам дамуының бастапқы кезеңі, оның мектепте алған білімі болып табылады.

Компьютерлік желілер қазіргі уақытта барлық оқу процесстерінде кездеседі. Мысал ретінде, мұғалімдерді қағаз жұмысынан босататын, ата-аналарға балалардың ағымдық білімдерін және сабаққа қатысуын жер шарының кез-келген нүктесінен тексере алатын, мектеп кестесі, үй жұмыстары туралы ақпаратты сақтайын ақпараттық әлеуметтік желі «Күнделік» енгізілген. Бұдан басқа желілік технологияларды пайдалану, сабақ өткізу әдістерінің және оқушылардың жалпы білім беру дайындығы құрамының өзгеруіне әкеледі. Мектептерде,

ВЕСТНИК КГПИ №2 (54), 2019
ISSN 2310-3353

және жоғары оқу орындарында әртүрлі ғылыми видеоконференциялар, факультативті қашықтық семинарлар желі арқылы өткізіледі. Интернет ауқымды желісінде көптеген аудио сабақтар, бейнероликтер барлық деңгейлерде материалды оқытуды және зерттеуді жеңілдетеді, көптеген сабақтарды қызықтырақ, мазмұнды етеді. Оқытушылар және оқушылар әрдайым желілермен жұмыс жасайды, бірақ олардың қалайша жүзеге асырылатыны туралы білімдері аз [1].

Уақытпен бір қадамда болу үшін, және компьютерлік желілердің қазіргі заманда маңыздылығын ескере отырып, мектеп бағдарламасына компьютерлік желілерді тереңірек оқытуды енгізу қажет. Мектеп оқушыларында компьютерлік желілерді қолданудың теориялық және тәжірибелік негіздерін қалыптастыру, дербес компьютерлерді желіге қосуды және оларда жұмыс жасауды, және желілік қолданбалы бағдарламалармен жұмыс жасауды үйрету керек. Тәжірибелік жұмыстарсыз, теориялық материалды түсіну қиынға соғады, ал коммутацияның, маршрутизацияның, әртүрлі деңгейлі хаттамаларды түрлендірудің қуатты құралдарын қолданумен шынайы, көрнекі және заманауи желі мен қорғанысты құру үшін оқу орындарының лабораторияларына көп қаражатты қажет ететін қымбат ресурстар қажет. Бүгін, бұндай мәселелерді шешетін, виртуалды компьютерлік желілерді жасаудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға арналған эмуляторлардың кең түрлері бар: NetEmul, Concept DrawPro, DiagramDesigner (тегін), eDrawMax, LanFlow, Ciscopackettracer, 10-Страйк: Схема Сети. Эмулятор – бұл компьютер арқылы компьютерлік желілерді виртуалды жобалауға, құрастыруға және жұмыс қабілеттілігін тексеруге мүмкіндік беретін арнайы бағдарлама.

2 Материалдар мен әдістер

Виртуалды компьютерлік жүйелерді құрастыруды үйренуге NetEmul эмуляторы таңдалды, себебі басқа эмуляторлармен салыстырғанда, ол интуитивті түсінкті интерфейске ие, ұғынуға қарапайым, еркін және тегін таралады. Берілген эмулятор икемді көмек жүйесіне және ықшамды қолданушы нұсқаулығына ие, және барлық қолдаулы операциялық жүйелер үшін бүкіл қолданушы әрекеттерін жүзеге асырудың стандартты тәсілі болып табылады. Телекоммуникациялық желі жұмысын визуализациялаудан басқа, әрбір желілік құрал үшін көрсетілген статистика және өтіп жатқан оқиғалардың икемді трассировкасына арналған қызмет көмегімен оның жұмысын біршама дәлірек қарастыру мүмкіндігін атап өткен жөн. NetEmul арқылы желінің әрбір компонентін нақты және дәл баптауға болады [2].

Эмулятордың басты терезесінде барлық элементтер жұмыс облысында (сценада) орналасқан. Тормен бөлінген, сценаның бос облысында құрылғыларды қоюға болады, бірақ олар қиылыспауы қажет. Құрылғылар панелінде желіні құруға арналған барлық құрылғылар, және мәлімдемелерді Қосуға/Тоқтатуға арналған батырма орналасқан. Параметрлер панелінде объектілер қасиеттері орналасқан. Белгіленген объект үшін тек қана оған тиісті қасиеттер көрінеді (Сурет 1).

Сурет 1 – NetEmul эмуляторының қарапайым интерфейсі

2 суретте эмулятордың ішінде сұлбаны сызу мысалы көрсетілген.

Сурет 2 – Екі дербес компьютер мен концентратор сұлбасы

Екі дербес компьютерді және концентраторды салғаннан кейін, оларды кабель көмегімен байланыстырамыз (сурет 3).

Сурет 3 – ДК мен концентраторды байланыстыру

Көбінесе компьютерлік желілерде компьютерлер мен басқа да желілік құралдар арасында электрикалық немесе оптикалық сигналдарды жіберу ортасы ретінде, кабельді байланыстар қолданылады. Жалпы кабельдің келесі түрлері қолданылады: коаксиальді кабель, есулі қосақ, оптоталшықты кабель. Бұдан он бес жыл бұрын желілерді құруда сигналды жіберетін мыс немесе алюминий тарамнан, оқшаулау қабатынан, мыс сымды немесе алюминий фольгалы орағыш қалқалаудан және сыртқы қорғаныс қабатынан тұрған коаксиальді кабель қолданылған. Коаксиальді кабельде сигналды жіберу үшін орталық тарам қолданылды, ал орағыш «электрикалық нөл» ретінде жерге тұйықтанды. Өзінің арзандылығына қарамастан, қазіргі кезде коаксиалді кабель есулі қосақпен немесе оптоталшықты кабельдермен алмастырылған. Есулі қосақ қосарлы бұралған оқшауланған мыс сымдардардан тұрады. Есулі қосақ негізіндегі кабельдердің көбісі, көрші жұптар және сыртқы көздер жағынан электрлік нысаналауларды азайту үшін әртүрлі қадаммен өрленген төрт жұптан тұрады. Неғұрлым қадам саны аз болса, соғұрлым саты жоғары болады және оларды қолдануда деректерді жіберудің жоғары жылдамдықтарына жетуге болады. Деректерді жіберу жылдамдығы 200 МГц жиілікте 10000 Мбит/с жете алады. Оптоталшықты кабельдің басқа желі сымдарынан айырмашылығы, ол электрлік емес, жарықтық импульстарды өткізеді. Ол коаксиальді кабелге ұқсас, бірақ мыс немесе алюминий тарамнан гөрі, онда шыныталшықты тарам қолданылады. Кабель өте жіңішке, сондықтан ондағы өшу айтарлықтай кемірек және жарық сигналын жіберу қашықтығы жоғарырақ болады [3]. Бірақ қазіргі уақытта желілерді құруда ең жиі қолданылатын кабельдер түрі есулі қосақ, себебі олар арзан, орнатуда жеңіл және әмбебап болып табылады. 3 суретте кабелдің есулі қосақ түрі көрсетілген, себебі NetEmul эмуляторы тұрақты осындай стандартты кабельге ғана ие.

ВЕСТНИК КГПИ №2 (54), 2019
ISSN 2310-3353

Компьютерлер желіге әртүрлі тәілдермен байланысады. Кез-келген компьютерлік желі топологиямен, хаттамалармен, интерфейстермен, желілік техникалық және бағдарламалық құралдармен сипатталады.

Компьютерлік желіні ұйымдастыруда ең маңыздысы, топологияны, яғни желідегі компьютерлердің және кабельді инфрақұрылымының баланысу әдісін таңдау болып табылады. Желілік құралдарды байланыстырудың көптеген әдістері бар, олардың ішінен ең жиі қолданылатын бес негізгі топологияларды көрсетуге болады: шина, сақина, жұлдыз, ұяшықты және торлы. Қалғандары негізгі топологиялардың қиыстырулары болып табылады және аралас немесе қоспалы деп аталады [4]. Мысалы, 2 суретте жұлдыз топологиясы салынған. Бұндай топологияда компьютерлер концентраторға немесе коммутаторға қосылады. Жалпы концентратор (hub) – бұл желі құралдарын сегменттерге байланыстыруға арналған желілік құрылғы [5]. Ол желідегі ең жеңіл, арзан құрылғылар болып саналады. Концентратордың бір потрына түскен барлық деректер, концентратордың басқа порттарына қайта жіберіледі. Демек, бір концентраторға қосылған барлық компьютерлер желіде бір-бірін еркін көре алады. Концентратор жіберілетін деректерге мән бермейді, оларды жай ғана басқа порттарға жібере салады. Концентраторлардың ерекшелігі, олар арзан және компьютерлерді ортақ кіші желіге байланыстырудың қарапайым әдісін ұсынады.

NetEmul эмуляторында құрылғылар арасында байланысты сызу процесінде байланыс интерфейстерін таңдауға және «Соединить» батырмасын басуға болады (Сурет 4). Және әрбір компьютерге тиісті IP-адресті тағайындауға мүмкіндік бар (Сурет 5).

Сурет 4 – NetEmul эмуляторында интерфейстерді байланыстыру

Сурет 5 – Компьютерлерге IP-адрестерді тағайындау

4 және 5 суреттерде интерфейстерді байланыстырғанда eth0 адаптер аты пайдаланылатыны көрініп тұр. Бұл аббревиатура өз атауын желі архитектурасының түрінен алды. Желі

архитектурасы – желінің жұмыс қабілеттілігін ұйымдастыруға арналған қажетті стандарттар, топологиялар және төмен деңгейлі хаттамалар жиыны. Желі технологиялары дамуының ұзақ жылдарында көптеген әртүрлі архитектуралар құрастырылды: Token Ring, ARCNet, AppleTalk, 100VG-AnyLAN, Home PNA, Ethernet. Бүгінгі таңда, барлық компьютерлік желілерде қолданылатын технология – Ethernet. Бұндай желілерде деректерді жіберу жылдамдығы, 10 Мбит/сек, топологиясы «жұлдыз», жіберу ортасы есулі қосақ немесе оптоталшық, кабельдің максималды ұзындығы 100 метрден 200 метрге дейін болады [6]. Бүгінгі таңда жылдамдығы жоғарырақ, FastEthernet және Gigabit Ethernet кең қолданыс тапты.

Желіде IP-адресация және маршрутизация дұрыс бапталмаса, желі жұмыс жасай алмайды. 5 суретте әрбір компьютер үшін IP-мекен-жай жазылған. Жалпы, IP-адрес – бұл компьютерге IP-желіде сәйкестендірілуге көмектесетін, екілік цифрлардың 32-разрядтты әмбебап тізбегі. Сонда да, компьютердің желіде жұмыс жасауы үшін тек IP-мекен-жай жеткіліксіз, оған қоса желіасты маска қажет. Желіасты маска IP-адресацияда және маршрутизацияда маңызды рөл ойнайды. Оның көмегімен кез-келген IP-адрестің екіге бөлінуі жүзеге асырылады: желі сәйкестендіргіш (Net ID) және түйін сәйкестендіргіш (Host ID) [7]. Бұндай бөліну оңай іске асады: желіасты маскада бірлер тұрған жерде, желі сәйкестендіргіші орналасады, ал нөлдер тұрған жерде, түйін сәйкестендіргіші орналасады. Желідегі IP-мекен-жайды класқа бөлудің арқасында, желідегі компьютерлердің максималды мүмкін санын анықтауға болады.

5 суретте көрсетілген MAC-мекен-жайы, әрбір құрылғыға автоматты түрде меншіктеледі. MAC-мекен-жай (немесе физикалық адрес) – Ethernet компьютерлік желілерінде әрбір белсенді құрылғы бірлігіне немесе олардың кейбір интерфейстеріне меншіктелетін бірегей сәйкестендіргіш болып табылады. Ethernet стандартын жобалағанда, әрбір желілік карта жасалғанда, ішіне кірістірілген бірегей алтыбайтты нөмірі (MAC-мекен-жайы) болуы қажет екендігі ескерілген. Бұл нөмір фрейм жіберушісін және алушысын сәйкестендіруге арналған және желіде жаңа компьютер (немесе желіде жұмыс жасауға мүмкіндігі бар басқа құрылғы) пайда болғанда, желілік администраторға бұл компьютерге MAC-мекен-жайды қолмен баптаудың қажетсіздігі ұйғарылған.

Желі жасалғаннан және бапталғаннан кейін, деректерді TCP немесе UDP хаттамасы арқылы жіберуге болады (сурет 6).

Сурет 6 – Пакеттердің желі арқылы қозғалысы

TCP хаттамасы арқылы пакеттер UDP қарағанда баяу қозғалады, себебі ол жіберуші мен алушы арасындағы байланысты орнатуды, ақпараттың үлкен бөлігін ірі емес TCP-пакеттерге бөлінуін және олардың алушыға керекті ретте және қатесіз кепілді жеткізілуін қамтамасыз етеді. Ал UDP хаттамасы TCP қарағанда ақпаратты жіберудің алдында байланысты орнатпайды және деректердің сенімді жеткізілуін қамтамасыз етпейді, бірақ тезірек жұмыс жасайды. Хаттамалардың жұмысын жақсырақ елестету үшін компьютерлер арасында TCP және UDP хаттамалары арқылы пакеттерді жіберіп көру қажет және маршуртизация кестесін бақылаумен уақытты белгілеп қалу қажет.

ВЕСТНИК КГПИ №2 (54), 2019
ISSN 2310-3353

7 суретте коммутатор көмегімен жұлдыз топологиясына байланысқан компьютерлердің байланысы көрсетілген.

Сурет 7 – Компьютерлерді коммутаторға байланыстыру

Коммутаторлар желілерді біріктіруге және саны жоғары коллизиялардың пайда болу мәселелерін жоюға көмектеседі. Коммутатордың жұмысы концентраторға ұқсас – бірақ ол жұмысын тиімдірек атқарады. Желіде жіберілетін әрбір деректер пакетінде (Ethernet үзіндісі) көздің MAC-мекен-жайы мен мекен-жай иесі бар. Коммутатор өзінің порттарына қосылған әрбір компьютердің мекен-жайын «сақтау» мүмкіндігіне ие болады және бағдарлаушы ретінде іс-әрекет жасайды – деректерді тек мекен-жай иесіне ғана жібереді. Бұл бүкіл желінің өнімділігіне елеулі оң нәтижесін береді, себебі пакеттер қажетсіз жіберілмейді және желілік өткізу мүмкіндігінен босатылады. Коммутаторды бір желінің орталық компоненті ретінде қарастыруға болады. Оның концентратордан айырмашылығы, ол бүкіл өзге құрылғыларға үзінділерді көшірмейді, ол жіберуші және қабылдаушы құрылғылар арасында тікелей байланысты ұйымдастырады [8].

NetEmul эмуляторының тағы бір ерекшелігі, ол әртүрлі архитектуралы әркелкі желілерді байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл маршрутизатор көмегімен жүзеге асырылады, маршрутизатор бұл ережелер және маршрутизация кестелері негізінде әртүрлі желі сегменттері арасында пакеттерді жіберетін арнайы құрылғы (Сурет 8).

Сурет 8 – Маршрутизатормен баланысқан екі локальді желі

Сонымен қатар, маршрутизацияны қосу үшін, эмуляторда негізгі шлюзді және локальді байланыстар порттарын баптауға болады. Негізгі шлюзге желі адресі жазылады. 8 суретте маршрутизатор екі әртүрлі желілерді байланыстырады және локальді желілерді ауқымды Интернет желісімен байланыстырады.

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

NetEmul эмуляторы ең жақсы және тиімді электрондық, интерактивті методикалық құрал ретінде барлық мектептерде және жоғары оқу орындарында деректерді жіберудің телекоммуникациялық желілеріне тікелей немесе жанама қатысты пәндер бойынша пайдалануға ұсынылады. Бұл эмулятор компьютерлік жүйелер пәнінің толық мазмұнын ашады және меңгеруге көмектеседі. Қазіргі заманда өзекті мәселелердің бірі, оқу процессіне оқушының елеулі дәрежеде өз бетінше ойлау тәртібін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқытудың техникалық құралдарын ендіру болып табылады. Берілген эмулятор оқушының шығармашылық процестерін (қиялдау, заңдылықтарды түсіну, күрделі жағдаларды шешу) басқару ептіліктерін қалыптастыру негізінде, оқушылардың зиялылық ептіліктерін дамытуға бағытталған. Ол шығармашылық ойлау қабілеті негізінде жатқан көптеген қасиеттерді ашуға мүмкіндік береді. Эмулятор оқушыларға өз зиялылығында еркін және ерікті болуға септігін тигізеді.

5 Қорытынды

Оқушылардың алдында қарапайым болса да әртүрлі жағдайларды құрастыру өте маңызды болып табылады, сол уақытта ғана оқушы өз бетінше сұраққа жауап іздейді, оның дербес жұмысы алдына күрделі мәселе қойғанда ғана басталады. Сонда ортақ жағдай бірқатар жеке жағдайларға бөлінеді. Сондықтан сабақта оқытушылар оқушылар алдында өз бетінше шешуге тапынуға итермелейтін күрделі мәселелерді туғызатын жағдайларды жиі ұйымдастыруы қажет. NetEmul эмуляторында осындай жағдайларды туғызудың көптеген нұсқалары бар, мысалы компьютерлік желіні әртүрлі жолдармен құрастыру, баптау және тағы басқа.

Қорытындылай келе, оқу процессін жандандыру, компьютерлік желілерге қызығушылықты арттыру, көрнекілік үшін сабақта NetEmul компьютерлік эмуляторын қолданған жөн. Эмулятор оқу процессін қызықты әрі көрнекті қылуға көмектеседі, оқушылардың абстрактілі, логикалық және өздік ойлауды және шығармашылық құзыретін дамытады.

Әдебиеттер тізімі

1 Волкова Л.В. Средства имитационного моделирования при обучении студентов телекоммуникационным курсам: опыт и проблемы использования.

2 Изучение методов моделирования компьютерных сетей средством NetEmul [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://netemul.sourceforge.net/ruindex.html.

3 Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети.– СПб: Питер, 2001.

4 Семенов А.Б., Стрижаков С.К., Сунчелей И.Р. Структурированные кабельные системы. Стандарты, компоненты, проектирование, монтаж и техническая эксплуатация – М.: Компьютер Пресс, 1999. – 488 с.

5 Гук М. Аппаратные средства локальных сетей. Энциклопедия. – СПб: Питер, 2000. – 576 с.

6 Максимов Н.В., Попов И.И. Компьютерные сети: Учебное пособие. – М.: ФОРУМ: ИНФРА-М, 2005. – 336 с.

7 Кульгин М.В. Компьютерные сети. Практика построения. Для профессионалов. – СПб: Питер, 2003.

8 Малышев Р.А. Локальные вычислительные сети: Учебное пособие. – РГАТА. – Рыбинск, 2005.

Материал редакцияға түсті: 27.03.2019 ж.

ЕРСУЛТАНОВА З.С., УРАЗОВА Э.К.

АКТУАЛЬНОСТЬ ВНЕДРЕНИЯ КОМПЬЮТЕРНЫХ СЕТЕЙ В ШКОЛЬНЫЙ УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЭМУЛЯТОРА NETEMUL

В статье рассматривается эмулятор NetEmul, предназначенный для построения виртуальной компьютерной сети. На основании практических примеров работы в данном эмуляторе, описываются принципы построения компьютерных сетей, необходимые для изучения в школьной учебной программе.

Ключевые слова: *сети, NetEmul, топология, IP-адресация, MAC-адрес.*

YERSULTANOVA, Z.S., URAZOVA, E.K.

THE RELEVANCE OF THE IMPLEMENTATION OF COMPUTER NETWORKS IN EDUCATIONAL PROCESS BY MEANS OF USING EMULATOR NETEMUL

The emulator intended for creation of virtual computer network is considered in the article. On the basis of practical examples of work in this emulator the principles of creation of the computer networks required for study in a school's educational program are described.

Key words: *networks, NetEmul, topology, IP-addressing, MAC-address.*

ӘОЖ 81-139

Есенғазина, Б.Б.
қазақ тілі мен әдебиетінің магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы,
Ө. Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан

СИНТАКСИСТЕГІ СӨЙЛЕМ ТҰЛҒАСЫ МЕН ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін

Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі түрлі жаңа аспектілерге, концептілер мен парадигмаларға ие. Тілдегі сөйлем құрылымы, оның семантикасы, сөйлемнің мүшелену ерекшеліктері, сөйлем мүшелері қызметінің ерекшеліктері, сөйлемнің мазмұндық конструкциялары, сөйлем парадигмасы, деривациялық процестер сынды ұғымдар – бүгінгі синтаксистегі болып жатқан өзгерістер. Мақалада синтаксистегі сөйлем тұлғасы мен оның ерекшеліктері, қазақ ғалымдарының осы мәселеге қатысты айтқан пікірлерінің ұқсастықтары мен айырмашылығы сынды мәселелер қарастырылған.

Кілт сөздер: *синтаксис, сөйлем тұлғасы, предикат, коммуникация, интеграция.*

1 Кіріспе

Отандық тіл білімі дамуының қазіргі кезеңі лингвистикалық, соның ішінде жекелеп алғанда синтаксистік теориялардың молдығымен ерекшеленеді. Көптеген көкейтесті мәселелер бұрыннан қаралып келсе де, дәстүрлі тіл білімімен салыстырғанда қазіргі кезең үшін интеграция мен дифференциялану процестері тән. Қазіргі кезеңдегі синтаксистің жетістіктерінің бірі – синтаксистік бірліктерді, ең алдымен сөйлемді зерттеу аспектілерін ашу мен жіктеу жетістіктері болып табылады. Бір аспектілер сөйлем семантикасымен байланысты болса, тағы бір аспектілер сөйлем құрылысымен байланысты. Мұндай аспектілердің белгілі жүйесін орнату қиын, бірақ негізгілері болып синтаксистік бірліктердің құрылысы мен мағынасын айқындайтын құрылымдық және семантикалық аспектілердің табылатыны күмәнсіз. Дегенмен, бұлардың көптігі синтаксистік теорияның дамуының қазіргі кезеңінде бұрын болмаған жүйелер мен концепциялардың көптеп туындауына әкеліп соқтырды.

Жалпы синтаксис термині тіл білімінде екі мағынада жұмсалады: біріншісі – коммуникация (пікір алысу) үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларының құрылысы, екіншісі – тілдің

коммуникация үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларын зерттейтін ғылым саласы мағынасында. [1]

Синтаксистің тілтану облысындағы нысаны болып тілдің сөйлеуге ауысуын қамтамасыз ететін тіл механизмдері (морфологиялық, фонетикалық, композициялық) мен тілдің бастапқы элементтерінің ақырғы мөлшерінен (сөз, сөзжасам, сөз тіркесі, сөйлем) көптеген сөйлеу туындыларына айналу тәсілдері табылады. Синтаксис сөйлеудің пайда болу ережелерін қалыптастырады және зерттейді. Сөйлеуді синтездеу процесінің кезеңдеріне сәйкес, синтаксис екі кешенді бөлімге бөлінеді. Біріншісі – сөз тіркесі синтаксисі(сөз тіркестері, байланысу тәсілдері мен жолдары, синтагмалық синтаксис) – сөздің тіркесу мүмкіншіліктері (синтаксистік валенттіліктер) және оларды жүзеге асыру тәсілдері (қабысу, қиысу, меңгеру, матасу) мен олардың білдіретін қатынастары (атрибутивті, комплетивті, т.б.) зерттеледі. Екінші бөлім – сөйлем синтаксисінде ішкі құрылым мен коммкуникативті типтер сипатталады (хабарлы, бұйрықты, сұраулы), предикаттылық пен модальдік, семантика мен жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің тұтас предикативті және жартылай предикативті бірлік ретіндегі синонимдік жаңа айналымдары, сонымен қатар, құрмалас сөйлемдерді түзетін жай сөйлемдердің қарым-қатынас білдіру түрі мен тәсілдерін зерттейді, яғни бағыныңқы және басыңқы сөйлем түрлерін анықтайды. Барлық келтірілген мәселелер синхрониялық және диахрониялық аспектілерде зерттеледі. Тарихи синтаксис – тілдің, белгілі бір тілдің, және тілдер тобының синтаксистік құрылымы дамуының жаплы заңдылықтарын зерттеп, тарихи грамматиканың бір саласын құрайды.

2 Материалдар және әдістер

Синтаксистік зерттеулердің негізгі әдіснамасын синтез бен анализ жасау реттемелері құрайды. Сөзді өрістету әдісі (синтез) жайдан күрделіге қарай бағытында әрекет ете отырып, сөздің валентті (тіркесті) мүмкіншілігі мен оның басқа сөздермен синтаксистік қатынастарын білдіру тәсілдері мен түрлерін анықтайды. Сөйлем сигментациясы (анализ), оның құраушы элементтеріне тізбекті мүшеленуі – сөйлемде жүзеге асатын синтаксистік функциялардың иерархиялық жүйесін ашады (сөйлем мүшелері). Әр функцияға (сөйлем мүшелеріне) белгілі бір синтаксистік позициялар сәйкес келеді, бұл оның сөйлем құрылымындағы орны. Бұл позицияларды анықтау үшін көбіне сөйлемнің берілген құрамдас бөлігінің семантикалық мінездемесі енгізіледі. Сөйлемнің позияциялық құрылымына субституциялау (сөз жасау әдістерінің тобы) әдісі қолданылады. Бұл әдіс белгілі бір синтаксистік орынды иеленуге қабілетті сөздер мен құрылымдарды анықтауға бағытталады. Мұндай тәсіл арқылы сөзді өрістету әдісін толықтыруға болады, себебі синтаксистік позицияны ауыстыру көбіне синтаксистің валентті аспектісіне қатысты болмайды. Әсіресе, бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс валентті тіркестілікке қатысы жоқ. Транспозиция әдісі – сөздер мен сөз тіркестерін бір синтаксистік позициядан екінші синтаксистік позицияға ауыстыру сөз (сөз тіркесі) формасы мен оның синтаксистік қызметінің арасындағы байланыстыайқындауға мүмкіндік туғызады. Формалық айналымдар бұл ретте тек грамматикалық өзгерістерді ғана емес, сонымен қатар, сөз жасалу механизмдерін де қосады. Мұндай формалық айналымдар тілдің синтаксистік қатарының оңтайлылығын білдіреді.

Синтаксис термині стоицизм философиялық бағытының өкілдерімен қолданылып (б.з.б. III ғ), айтылымдардың логикалық мазмұнына жасалған бақылаулардың нәтижесінде енгізілген болатын. Дегенмен, синтаксистің категорияларына деген қызығушылық ерте грек ойшылдарында да болып, бұл қызығушылық сөйлеуге жасалатын логикалық анализбен түсіндірілді. Пратагор, Платон, Аристотель сияқты антикалық философтар назарында «логос» – сөйлеуге, айтылымдарға, сөйлемдерге, пайымдауға, бітірілген мәтінге тікелей қатысы бар түсінік болды. Сондықтан да ертедегі синтаксистік тұжырымдар тұтас сөйлеу бірліктерінің қасиеттеріне негізделетін болды. Алғашқы синтаксистік операциялар:

1) айтылымдарды коммуникативтік мақсатына қарай бөлу;

2) сөйлемді сөйлем мүшелеріне – негізгі бөліктеріне бөлу;

3) күрделі кезең бөлімдерінің арасындағы байланысты анықтау.

Айтылымдардың ішінде: сұрақ, жауап, өтініш, бұйрық; мақұлдау, келіспеу, хабарлау, итермелеу сынды түсініктер болды. Ой мен оның сөйлеудегі көрінісінің арасындағы байланыс тезисінен шыға Платон мен оның жолын жалғастырушылар сөйлемнің пайымын екіге бөлді: есім және етістік, бұлар субьект пен предикаттар арасындағы байланыс деп қабылданды. Синтаксистік ойдың жалпы қозғалысы логикалық бағыттан психологиялық, кейін формальды-грамматикалық концепцияларға бағытталды. Олардан кейін коммуникативті, семантикалық, прагмативті теорияларға ауысты. Ерте лингвистикалық дәстүр бойынша синтаксис әмбебап философиялық (спекулятивті) грамматикаларда кейінгі схоластардың ықпалымен (XIII-XVI ғғ.) және рационализм концепциясының (XVII ғ), соның ішінде «Пор-Рояль Грамматикасында» ойды білдіру тәсілдері туралы ілім ретінде қарастырылып, өз бойында сөйлем және оның бөлшектері туралы ойларды құрады. Синтаксистің категориялары морфологияға қарағанда әмбебап болып есептелді. Синтаксис грамматиканың құрамдас бөлігі мен ойды білдіру тәсілін зерделеуші ретінде фонетика мен морфологияға қарсы қойылды. (XIX ғасыр) [1]. Грамматикаларда синтаксистік категориялар олардың логикалық категорияларды білдіру қасиеттері бойынша анықталды: сөйлем – ойлаудың тілдік көрінісі, бастауыш-субьект, баяндауыш-предикаттық, күрделі сөйлем – ой қорытындысы ретінде қаралды. Ойлаумен тікелей байланыс синтаксистің анықтамасына XX ғасырға дейін кірді. Синтаксистің дамуының бұл бағыты оны грамматиканың мағынадан (қызметінен) формаға қарай сарапталатын тіл құбылысы ретінде түсіндірілуіне әкелді. XIX ғасырдың II жартысында синтаксистік теорияның психологиялануы басталды. Сөйлемге деген психологиялық бағытқа коммуникативті бағыт қосылды. Психологиялық бағыттың басты жетістігі болып психологиялық субъект пен предикаттың және сөйлемнің грамматикалық мүшелерінің – бастауыш пен баяндауыштың ара қатысын ашуы болды. XIX ғасыр соңында тілдердің ұлттық көрінісіне деген қызығушылық оянуымен, синтаксис сөйлемдегі сөздер тобының қызметі туралы ілім ретінде айқындала басталды. Ал сөйлем синтаксисі құрылымды лингвистикада XX ғасырдың 50 жылдарына дейін ең аз қаралған сала болып, тек оның аталмыш терең құрылымының пайда болуынан соң ғана сөйлем зерттеле бастады. Сөздердің тіркесімділігі мен сөйлемнің жалпы қасиеттері туралы зерттеулер тілдің бірліктері ретінде морфологиямен тығыз байланыста болды. XX ғасырдың II жартысына сай айтылымдардың сөйлеудегі қызметінің анықталуы синтаксисті грамматиканың ауқымынан прагматика мен коммуникация теориясының саласына алып шықты.

3 Нәтижелер

XX ғасырдың 60-80 жылдарында синтаксистің дамуында келесідей бағыт-бағдарлар көріне бастады:

1) Синтаксистік бірліктердің формаларының зерттеулерінен олардың мазмұнын зерттеуге, атап айтқанда, сөйлемнің білдіретін жағдаятпен байланысы (семантикалық синтаксис);

2) Сөйлемнің ауқымынан дискурс, мәтін ауқымына шығу (жоғары фразалық бірліктердің анализі, абзац, мәтіндер бүтінділігі);

3) Тілден сөйлеуге (коммуникативті ұстанымдар мен сөйлеу айтылымдарының қолдану талаптарын зерттеу);

4) Сөйлемнің обьективті анықтамаларынан айтыламдардың субъективті көрінісіне дейін (жанама сөйлеу мағыналарын зерттеу);

5) Статикалық синтаксистен динамикалық синтаксиске дейін (синтаксистің бірліктерінің қызметі мен айналымдар үдерісін зерттеу;

6) Тіркесім ережелерінен (формация) туындау ережелеріне дейін (трансформация). Бұл бағыт-бағдарлар синтаксистің семантикамен, сөзжасаммен, логикамен, прагматикамен, стилистика және коммуникация теориясымен байланысын нығайта түсті.

Синтаксис ойлау құрылымымен, коммуникация нормаларымен және ақиқат шындықпен байланысты. Синтаксистің логикалық және коммуникативті аспектілері оны тілдің әмбебап бөлшегі етеді. Сонымен қатар, синтаксистік байланыстарды білдіру тәсілдері мен олар-

дың тілден тыс ақиқаттағы сөйлем құрылымында көрінуінің (интерпретация) ұлттық белгілері ден бар. Осының салдарынан сөйлем құрылымы тілдердің типологиялық жіктелуінде негізге алынып отырады. Сонымен, синтаксистегі ойды білдіру тәсілі де, зерттеу нысанының қомақтылығы да сөйлем екені анық. Оның парадигматика саласында, коммуникация теориясының саласында да өзіндік орны бар.

Қазіргі таңда синтаксисте сөйлемнің модалды, уақыт және де басқа да формалары оның парадигмасы ретінде қарастырылады. Парадигма деп бүгінде зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория; теориялық көзқарастардың, методологиялық принциптердің, әдістемелік қабылдаудың және эмпиризмдік нәтижелердің бірігу жүйесі деп қарастырылып жүр. [2] Сондықтан да қазіргі тіл білімінің қай саласы болмасын ондағы болып жатқан үдерістер мен өзгерістер туралы сөз етуді қажет етеді. Бұрынғыдай тіл салаларында бұлжымайтын ережелер мен қағидалар ғана зерттелмей, тіл мен ойлау арасындағы байланыс, тілдің психологиялық тұрғыдағы жаңа қырлары, сөз мәдениеті, тіл салаларының арасындағы құрылымдық байланыстар секілді жаңа да өзекті мәселелер туындап, халықаралық тіл білімінің аренасына жаңа ғылымдар мен терминдерді тудыртып жатыр. Атап айтқанда, когнитивті лингвистика, психосемиотика, неология, компьютерлік лингвистика және тағы басқалары. Қазіргі заман көшінен қалмау мәселесін алдыңғы қатарға қойсақ, мұндай жаңалықтар мен толықтырулар тіл дамуын жаңа бір сатыға көтеретіні сөзсіз. Қазіргі қазақ қана емес, әлем лингвистикасында қаралып жүрген мәселелердің бірі – парадигматика. Бұл ғылым саласы арқылы синтаксистік парадигмалар мен онда бұрыннан қалыптасқан немесе мәселенің шешілу төркіні алыстау зерттеу аспектілерін қарастыру мүмкіндігі туылады.

Парадигматика – тілді жүйелеп оқытудың екі аспектісінің бірі, ол тілдің элементтері мен бірліктері – парадигматикалық және синтагматикалық арасындағы қатынастардың екі түрін анықтап, қарсы қою арқылы анықтайды. Бұл – тілдің парадигматикалық қатынастарын, олардың жіктелуі мен қызмет ету аумағын қарастырып, меңгеретін қатынастарымен топтарына сәйкес, синтагматикаға қарсы қойылатын тіл білімінің саласы, кең ауқымды мағынада лингвистикалық класстардың, парадигмалардың жиынтығы ретінде түсінідірілетін тілдік жүйе, ол синтагматикада лингвистикалық үдеріс пен мәтін ұғымына синоним ретінде қарастырылады.

Швейцарияның әйгілі тіл зерттеушісі Ф. де Соссюрдің теориясына сүйенсек, тілдік жүйе екі негізгі қатынас түрінде құрылады. Бірі – бүтінді бөлшектерге бөлу болатын болса, екіншісі – тіл элементтерін олардың ассоциациялық ұқсастықтарына қарай топтау қатынасы. Тілдік жүйе тілдің екі түрлі саласында көрініс табады: тікелей бақыланатын және тікелей бақыланбайтын салалары. Ф. де Соссюрдің анықтамасы бойынша, әрбір жекелеген тілде барлығы тек тілдік қатынастарға негізделсе, қатынастар не синтагматикалық не ғалым өзі айтқан ассоциациялық қатынастарға тіреледі. Бұл дегеніміз – тілдің механизмін тек берілген қатынастарды орнату арқылы құруға. Тілдерде әр түрлі қатынас типтері болатыны туралы ойлар И.А. Бодуэн де Куртэнэ мен Н.В. Крушевскийдің де зерттеу жұмыстарында қарастырылған болатын. Алғашқысы, қатынастардың айырмашылығын «тігінен» және «көлденеңнен» деп бөлсе, екіншісі бұл қатынастарды ұқсастықтарына қарай ассоциациялар арқылы болатын айырмашылықтар деп көрсеткен. Н.В. Крушевский сонымен қатар, ұқсастықтар ассоциациялары бір-біріне әсер етіп, тілдің дамуын анықтайды атап кеткен. Осы парадигмалық және синтагматикалық байланыстардың өзара тәуелділігі туралы пікірлер қазіргі лингвистикада басқа да ғалымдармен құпталып жүр [3].

4 Талқылау

